

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№97(9415) | 1954 жылғы 15 май Сенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Физкультура мен спортты жаппай өрістетейік

Үкметіміз бен партиямыз совет адамдарына коммунистік тәрбие берудің ең күшті құралдарының бірі — физкультура мен спортты жаппай өрістетуге үнемі көңіл бөліп, спортшыларымыздың спорт шеберлігін арттыруға қамқорлық жасап келеді.

Партиямыз бен үкметіміздің аталық қамқорлығына бөленген облысымыздың көптеген спортшылары өткен қысқы спорт маусымында спорттың қысқы түрлері бойынша жаңа рекордтар жасап, айтарлықтай табыстарға жетті. Озат спорт коллективтері қалалық, облыстық жарыстарда алдыңғы қатарлы орындарды жеңіп алды.

Мәселен, орыс хоккейі бойынша өткізілген қалалық жарыста «Пищевик» ерікті спорт қоғамының хоккейшілері қала чемпионы атағына ие болды. Бұл спорт қоғамының құрама командасы шаңғышылар жарысында да бірінші орынды жеңіп алды. «Локомотив» ерікті спорт қоғамының шаңғышылар командасы облыстық шаңғы жарысында екінші орынға шықты.

Облысымыздың Меңдібаева, Трошин, Фролов, Аносов, Акушев, Федянин, Евсеев жолдастар сияқты бірқатар спортшылары өздерінің спорттық шеберліктерін арттыру ісімен үнемі шұғылданып отыру арқылы спорттық жаңа табыстарға ие болып келеді.

Кәзір облысымызда жазғы спорт маусымы басталды. Көптеген ерікті спорт қоғамдары жазғы спорт маусымына алдың-ала қызу әзірлікпен келді. Бірқатар ерікті спорт қоғамдары жазғы спорт маусымына әзірлікті деркесінде қолға алып, жеңіл атлетика, гимнастика, футбол, волейбол секцияларында жаттығу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп отырды. Қажетті спорт киімдері мен спорт құралдарын дайындап алды.

Дегенмен, көптеген кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен ерікті спорт қоғамдары өздерінің спорт коллективтерін жазғы спорт маусымына жақсы әзірлей алмады. «Еңбек резервтері», «Труд» сияқты кейбір ерікті спорт қоғамдары жазғы спорт түрлері бойынша спорт секцияларында жаттығу жұмыстарының деркесінде жүргізіле бастауын қамтамасыз еткен жоқ. Спорт маусымы басталғанға дейін кейбір стадиондар толық жабдықталып бітпеді.

Жазғы спорт маусымына әзірлік, әсер-

тың түр-түрі мен шұғылдануға неғұрлым көптен тарту керек!

Үстіміздегі жылы июльде Бүкілқазақстандық VII спартакиада, августта село спортшыларының республикалық III спартакиадасы өткізіледі. Облысымыздың спортшыларына қалалық, облыстық жарыстарға қатысумен бірге, Бүкілқазақстандық спартакиадаларға қатысу үшін кәзірден бастап мұқият әзірлену керек болады. Олай болса, жастардың спорттық шеберлігін арттыру, физкультура коллективтерінің материалдық базасын нығайту, оларды спорт киімдерімен, спорт құралдарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету, спорт жарыстарын, жолдастық кездесулерді жиі өткізіп тұру қажет.

Кәзір облысымыздың егіс далаларында тың және тыңайған жерлерді игеруде жұмыс істеп жүргендердің көпшілігі жастар. Олар физкультура және спортпен үнемі шұғылданып отыруға құштар екендігі күмәнсіз. Аудандық денсаулық сақтау бөлімдері, «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының облыстық советі ауыл-селодағы физкультура ұйымдарының жұмысына басшылықты мейлінше жақсартып, жастардың жазғы спорт жұмыстарына кеңінен қатысуына толық жағдай жасауды қамтамасыз етулері керек.

Өңделген жерлерге тұқым себу жұмысы да қызу жүргізілуде. Сонымен бірге, тұқымның әрбір егістік участоктің топырағының ерекшелігіне қарай агротехникалық ережелерге сай тереңдікке сіңірілуіне ерекше назар аударылады.

Колхоз бастаушы партия ұйымының секретары Сазонов жолдас егіншілердің арасында бұқаралық-саяси жұмысты пәрменді жүргізуді ойдағыдай ұйымдастырған. Үгітшілер егіншілердің арасында үнемі болады. Трактор бригадасына тағайындалған үгітшілер механизаторлармен күн сайын өңгіме өткізеді. Бұл жұмыстың сменалар ауысымымен жүргізілуі әдетке айналған. Өңгімелерде сменалық тапсырмалардың қалай орындалғаны сөз болады. Байқалған кемшіліктер қатты сынға алынып, оны шұғыл жолдың шаралары белгіленеді.

Егіншілердің ұйымшылдықпен еткен өнімді еңбегінің нәтижесінде 10 майға дейін колхозда егіс жоспары 37,3 процент орындалды. Көктемде дәнді дақылдар себілетін тың жерді жырту және оны өңдеу жұмысы аяқталды. Сөйтіп, колхоз егіс жұмыстарында ауданда бірінші

## Көктемгі егісті кезінде және сапалы аяқтау — мол өнім алудың кепілі

### Алдыңғы қатарда келеді

Пушкин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) үстіміздегі көктемде ауыл шаруашылық дақылдарын егуге керекті жердің 98 процентке жуығы өткен жылы зяб пен пар ретінде жытылып, әзірленген болатын. Бұл көктемгі егіс жұмыстарының көп жеңілдеуіне қолайлы жағдай тұтылды. Кәзір колхозшылар мен осы колхозда жұмыс істейтін Петропавл МТС-нің Г. Шмолин жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары зяб пен парды өңдеу, оған тұқым себу және көктемде дәнді дақылдар егілетін тың, тынайған жерлерді игеру жұмыстарын қызу жүргізуде.

Әресе, тракторшылар көктемгі егісті әрі тез, әрі сапалы өткізу жолындағы социалистік жарыста алған көтеріңкі міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді. Мәселен, «ДТ-54» тракторымен жұмыс істейтін Каминин, Ағатаев жолдастар әрбір смена сайын тапсырмаларын 130—135 процент орындап жүр.

Өңделген жерлерге тұқым себу жұмысы да қызу жүргізілуде. Сонымен бірге, тұқымның әрбір егістік участоктің топырағының ерекшелігіне қарай агротехникалық ережелерге сай тереңдікке сіңірілуіне ерекше назар аударылады.

Колхоз бастаушы партия ұйымының секретары Сазонов жолдас егіншілердің арасында бұқаралық-саяси жұмысты пәрменді жүргізуді ойдағыдай ұйымдастырған. Үгітшілер егіншілердің арасында үнемі болады. Трактор бригадасына тағайындалған үгітшілер механизаторлармен күн сайын өңгіме өткізеді. Бұл жұмыстың сменалар ауысымымен жүргізілуі әдетке айналған. Өңгімелерде сменалық тапсырмалардың қалай орындалғаны сөз болады. Байқалған кемшіліктер қатты сынға алынып, оны шұғыл жолдың шаралары белгіленеді.

Егіншілердің ұйымшылдықпен еткен өнімді еңбегінің нәтижесінде 10 майға дейін колхозда егіс жоспары 37,3 процент орындалды. Көктемде дәнді дақылдар себілетін тың жерді жырту және оны өңдеу жұмысы аяқталды. Сөйтіп, колхоз егіс жұмыстарында ауданда бірінші

Көктемгі егісті кезінде және сапалы аяқтау — мол өнімнің кепілі (1-бет).

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).

А. Силин — Партия оқуы жылын аяқтауға тыңғылықты әзірлену — маңызды міндет (2-бет).

О. Бошанов — Бригададағы партия тобы (2-бет).

В. Жолобов — Ауыл шаруашылығы үшін (2-бет).

ССРО Сыртқы Істер министрлігінде (2-бет).

Ф. Набоков — Шөп шабуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік (3-бет).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОЗАТТАРЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІНЕН. Марта Худой — Картоп өнімін екі есе арттырамыз (3-бет).

ӨЛЕҢ. Сырбай Мауленов — Инженер (3-бет).

Т. Кәкімов — Филармонияның концерт бригадасы (3-бет).

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі (4-бет).



Булаев астық совхозы көктемде зір трактор бригадалары жытылған СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Норикова және үшінші участоктің жытылған жерді өлшеп қабылдап жүр.

тың жыртудың жоспарын орындады. Кәзір трактор бригадасының есепшісі Тамара бастығы И. Емельянов жаздық егіске Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Колхоз даласында

«Сталин жолы» колхозының егіс даласы. Ұшы-қыйырына көз жетпес кең даланың селеулі шымын кең қопарып, таңертеңгі таза ауаны гүріл үніне толтырған тракторлар көрінеді.

«ДТ-54» тракторымен осы далада тың жер айырып жүрген кубандық комсомолец Жагутин жолдасының бүгінгі қиынды да жұрт сүйсінерліктей, Патриот механизатор бұрнағы күні өз нормасын 120 процент етіп орындаған болатын. Бірақ, кеше трактор бригадасындағы комсомол ұйымының секретары тракторшы Кодактинның күнделік көрсеткіші 130 процент болды. Ал, Жагутин мен Кодактин екеуі өзара социалистік жарысқа түскен болатын.

Екі комсомолецтің еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жары-

Преснов МТС-нің Павленко жолдас басқарған бұл трактор бригадасының коллективі тың және тыңайған жерлерді игеруде қажырлылықпен еңбек етуде. Бригада кәзірдің өзінде 300 гектардан астам тың жер көтеріп, 250 гектар жерге тұқым септі.

Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына үгітші Сатин жолдас елеулі үлес қосты. Ол күн сайын бригада басында болып, әрбір тракторшының күнделік жұмыс қорытындысын шығарып отырады, оны көрсеткіш тақтасына жазды. Әресе, оның басшылығымен бригадада жұма сайын шығып тұратын жауынгерлік дискот, тракторшылар арасында социалистік жарысты өрістетуде елеулі роль атқаруда. Бұл дискоттарда озаттардың жұмыс әдісі баяндалып,

### Өндірістік өрлеу

Біздің ферма коллективі өздерінің алдына быйыл егілетін дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 16—18 центнер, картоптан — 140 центнерден, мал азығындық қызылшадан — 125 центнерден өнім алуды қамтамасыз ету міндетін қойды. Кәзір бұл міндеттемені мүлтіксіз жүзеге асыру күресі қызу жүргізілуде.

Егіншілердің еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысында тракторшы И. Куконин, И. Гонга жолдастар алда келеді. Олар егістік жерлерді жырту, дискелеу, тырмалау және оған тұқым себуда тапсырмаларын үнемі 120—130 процент орындап келеді.

Быйыл картоп пен оғаш дақылдарының көлемі өткен жылдағыдан 1,5 есе ұлғайтылады. Бұл дақылдардан мол өнім алуды қамтамасыз ету үшін Давыдов жолдас басқаратын оғорд бригадасының мүшелері картоп отырғызылатын егіс алаңдарына 600 тонна көң төкті және минералдық тыңайтқыштар енгізді.

Быйыл біз картоп пен оғаш дақылдарын шаршы-ұялап отырғызатын боламыз. Мұның өзі картоп пен оғаш дақылдарынан мол өнім алуымызға және өнімді жыйнауға техника күшін пайдалануымызға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан оғорд бригадасының мүшелері мұндай жаңа прогрессивтік әдісті өндірісте дұрыс қолданудың тәсілдерін үйренуде.

Біз егіс жұмыстарын тез және сапалы өткізіп, барлық дақылдардан мол өнім алудағы міндеттемемізді аброймен орындаймыз. Бұған ферма коллективінің кәзіргі өнімді еңбегі кепіл.

Қ. ОМАРОВ,  
Мамлют асыл тұқымды мал совхозының № 2 фермасының меңгерушісі.

### Темекінің гектарынан 30 центнер

Октябрь ауданындағы «Путь Ильича» колхозы темекі өсірумен шұғылданып келеді. Өткен жылы бұл колхоздың темекішілері темекінің әрбір гектарынан 12,5 центнерден өнім алуға жетісті. Сөйтіп, колхоздың темекіден түсетін табысын молайта түсті.

Бригада мүшелері темекі егісіне жақсы әзірлікпен кірісті. Олар қысқы күндері барлық алаңға қарды мол тоқтатты.

жүргізеді. Соның сақдарынан Совет, Октябрь аудандары сыяқты бірқатар аудандарда жазғы спорт маусымы ешбір дайындықсыз басталып отыр. Мәселен, Совет ауданының орталығы — Смирново, Октябрь ауданының орталығы — Марьевка селоларының өзінде әлі күнге спорт командалары құрылмаған, футбол, волейбол алаңдары жабықталмаған. Ал, аудан колхоздарындағы «Колхозшы» ерікті спорт қоғамдарының төменгі коллективтерінің көпшілігі формальді түрде ғана ұйымдастырылып, шын мәнісінде ешқандай жұмыс істемей отыр.

Облыс аудандарының көпшілігінде стадиондар, спорт алаңдары әлі күнге жабықталмаған. Ал, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің физкультура және спорт секторы және «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының облыстық советі бұл жағдайға жете мән бермей келеді. Сол сыяқты аудандық денсаулық сақтау бөлімдері мен аудандық комсомол комитеттері және жергілікті партия, совет ұйымдары ауыл-селода физкультура мен спортты жаппай өркендетіп, оған жастардың қалың көпшілігін қатыстыру мәселесімен жете шұғылданбай отыр.

Жазғы спорт маусымына әзірлік кезінде жол берілген кемшіліктер спорт жарыстарын өткізгенде өзінің теріс әсерін тигізуі ықтимал. Міне, сондықтан да бұған жол бермеу үшін жазғы спорт маусымына әзірлік кезінде байқалған кемшіліктерді іс үстінде дереу жою отырып, физкультура коллективтерінің жұмысын шұғыл жақсарту, жастарды спорт-

ты және кәсіподақ ұйымдарының көмегімен көңіл бөлетін мәселесі екенін атап өту қажет. Ал, шынында бізде физкультура мен спорт екінші кезектегі мәселе деп қарайтын партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының басшылары жоқ деуге болмайды. Октябрь, Совет аудандарындағы спорт істерінің бүгінгі күнгі жағдайының өзі аудандағы партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары физкультура ұйымдары мен спорт қоғамдарына іс жүзінде нақты көмек көрсетпей отырғандығын дәлелдейді. Партия, совет ұйымдары физкультура коллективтерінің жұмысына үнемі көңіл бөліп, оларға партиялық басшылық жасап, нақтылы көмек көрсетіп отырулары қажет.

Облысымызда тәжірибелі спортшылар аз емес. Ерікті спорт қоғамдары мен физкультура коллективтерінің міндеті — спорттың сан-алуан түрлерін оған әрі өркендету, спорт секцияларының, стадиондар мен спорт алаңдарының жұмысын мейлінше жақсарту, спортшылар қатарын жастар есебінен үздіксіз толықтырып, олардың спорт шеберлігін арттыру ісімен тынбай шұғылдану.

Спорт шеберліктерін үзбей арттыру, өз қатарларына жастарды көптеп тарту, спорттың жазғы түрлері бойынша жаттығу жұмыстарын үздіксіз жүргізу арқылы жазғы спорт маусымында спорттық жаңа табыстарға жету, Бүкілқазақстандық спартакиадаларда алдыңғы қатарлы орындарға ие болуға жетісу, сөйтіп, облыс физкультурашыларының намысын қорғап қалу — облыс спортшыларының бүгін таңдағы абройлы міндеті.

### Механизаторлардың жоғары еңбекақылары

АНДРЕЕВКА. (Талды Қорған облысы). (ҚазТАГ). Андреев МТС-нің Василий Кулешев басқарған комсомол жастар трактор бригадасының дала вагонында ерекше қуаныш. Механизаторларға еңбекақы беру үшін МТС кассирі келді.

—Иван Яковлевич, 887 сом алыңыз, —деді кассир, ең таңдаулы тракторшылардың бірі Бежевцев жолдасқа ақша ұсынып.

Бұл ақшаны тракторшы 10 күннің ішінде тапты. Осы жерде Бежевцев көш-

пелі дүкеннен өзіне костюмдік мата сатып алды.

Кассир тракторшы Иван Германовтың еңбекақысын санап берді. Ол көктем егінсінде норманы біржарым, екі есе орындаған болатын. Германовтың қолына 900 сом ақша берді. Басқа механизаторлар да еңбектеріне көп ақша алды. Бригада МТС бойынша көктемгі дала жұмыстарын бірінші болып орындап, әрбір трактормен 270 гектардан жер жыртып.

### СОВХОЗДАРДА ЖАЗҒЫ ЕГІС

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Ертіс бойында ауа райы жиі өзгеруде. Совхоздардың егіншілері әрбір ашық күнді пайдаланып, жер жырты мен себу жұмыстарын үдетіп түсуде. Черноземді совхозында жоспарланған жер бедерінің үлкен бөлегі тұқым себуге әзірленіп, тапсырыс бойынша 100 гектар жер жыртыудың орнына, 850 гектар тың және тынайған жерлер жыртып. Жақсылап өңделген жерлерге

совхоз коллективі 900 гектар жазғы бидай септі. 380 гектар тыңа тарқатарлы әдіспен бидай тұқымы себілді. «ДТ—54» тракторларын жүргізушілер Алексей және Петр Корниенко сменасына нормадан тыс 10—15 гектардан артық себуге. Куйбышев атындағы, Чекацкий, Жолды-құдық тағы басқа совхоздар бидай себу жұмысын бастап, оны өрістете түсті.

### ҚАРАҒАНДЫ ГЕОЛОГТАРЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Геологтардың Бүкілқазақстан социалистік жарысында қол жеткен табыстары үшін Қарағандының «Казхутгеология» тресінің коллективіне бірінші дәрежелі сыйлық және ССРО Көмір өнеркәсібі министрінің және КБС-тың ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

Скважиндерді механикалық жолмен бұрғылау жоспары асыра орындалды. Станоктардың өнімділігі жоспарда көрсетілгеннен 16 процент артық. Барлау коллективі 400 мың сомнан астам қаржы үнемдеді.

орынға ие болып келеді.

Ш. ҚАБЫКЕЕВ.

### Нормаларды артық орындауда

Калинин атындағы МТС-тің (Булаев ауданы) қамтуындағы Карл Маркс атындағы колхозда жұмыс істейтін № 9 трактор бригадасының механизаторлары еңбек өнімділігін күн сайын арттырып келеді. Тракторшы К. Розбах жолдас «ДТ—54» тракторымен смена сайын 5,6 гектардың орнына, 9—10 гектар тың жер жыртып жүр. Одан К. Беккер жолдас та қалысатын емес. Ол «ДТ—54» тракторымен 125—135 гектар егістік алаңды тырмалап, сменалық тапсырмасын үнемі асыра орындайды.

А. ЗАҒЫПАРОВ.

ханизаторларын да қамтымай қалған жоқ. Оған тракторшы В. Мимилев жолдасының ісі айқын дәлел. Ол өзіне бекітіліп берілген «ДТ—54» тракторымен күніне 50 гектар алаңға тұқым сеуіп жүр.

### МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ ТАБЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Петропавл МТС-нің № 10 трактор бригадасын тәжірибелі механизатор Валентинберг жолдас басқарады. Бұл бригаданың мүшелері Чапаев атындағы колхозда егіс жұмыстары басталғалы қажырлықпен еңбек етіп жүр. Олар барлығы 812 гектар жерге тұқым себуге тиіс болса, кәзірдің өзінде 500 гектар жерге тұқым септі.

Егіс жұмыстарында тракторшылар түгелінен сменалық тапсырмаларын артығымен орындайды. Тракторшы Найкель жолдас «ДТ—54» тракторымен жер

социалистік жарыста көпін қазушылар өткір сынға алынады.

А. САДЫҚОВ.

Бригаданың тіркеушісі.

жыртуда және жыртылған жерді тырмалауда сменалық жұмыс тапсырмасын үнемі 110—120 проценттен орындап, жанар майын 5—7 процентке дейін үнемдеп жүр.

Осы сыяқты, тракторшы Царь жолдас та бригада мүшелерінің құрметіне бөлек үнемі «С—80» тракторымен смена сайын 14,5 гектар орнына, 15—16 гектар жер жыртады. Мұнымен бірге, Царь жолдас күн сайын жанар майының 4—5 процентін үнемдеуге жетісті.

Ш. ҚАСЕНОВ.

жергілікті тыңайтқыштарды көп мөлшерде әзірледі. Жуықта ғана 200 тонна көп, 5 центнер күл, 100 килограмм фосфор, азот сыяқты өңдегіштерді егіс алаңына тасыған еді, оларды пайдалана бастады.

Бригаданың жете көңіл бөлген мәселесінің бірі темекінің тұқымын жеткілікті етіп құюмен бірге, оны себуге әзірлеу болды. Сондықтан да тұқымның сапасы өткен жылғыдан едәуір жақсарды.

Бұл күндері бригада темекі егуді қызу жүргізіп жатыр.

Біздің бригада, —дейді бригадир Гартман жолдас, —үстеміздегі жылы темекінің гектарынан 30 центнерден өнім алуға жетісу үшін күресуде. Темекішілер бұл міндетті орындау үшін өзара социалистік жарысқа түсті.

Ғ. НҰРОВ.



# Туған елімізде



## Бүкілхалықтық мереке құрметіне

СТАЛИНГРАД. Сталинградтың және облыстың еңбекшілері Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығын кеңінен атап өтуде. Кәсіпорындар мен құрылыстарда, мекемелер мен оқу орындарында украин халқының ұлы орыс халқымен қайта қосылуы жолындағы күресі туралы, Советтік Украинаның өнер кәсібін, ауыл шаруашылығының және ғылымының түгелінен дамығаны туралы үгітшілердің лекциялары мен әңгімелері өткізілуде. Қаланың кітапханаларында Украин әдебиеті шығармаларының көрмелері, тарихи-мерекеге арналған фотомонтаждар ұйымдастырылды. Украин жазушыларының кітаптары бойынша оқушылар конференциялары өткізілуде.

Кеше Сталинградтық кеме жасаушылардың клубында үлкен көш өткізілді. Одессаның Октябрь революциясы атындағы украин драма театрының артистері кеме жасаушыларда қонақта болды. Олар Украин драматургі В. Миньконың «Фамилиясын атамай-ақ» пьесасын көрсетті.

Украин және орыс халықтарының достығына арналған кештер қаланың басқа кәсіпорындарында да өткізілуде.

МИНСК, С. М. Киров атындағы педагогикалық институттың драма коллективі А. Корнейчуктың «Платон Кречет» пьесасын көрсетті. Спектакль зор табыспен өтті.

Көркемөнерпаздар коллективтерінің репертураларында Украин драматургтерінің шығармалары барған сайын көп орындалуда. «Красный Октябрь» аяққим фабрикасының театр коллективі В. Собконың «Өмір қайта басталады» пьесасын қойды. Жуырда аяққим жасаушылар Орша ауданының Киров атындағы колхозы клубының сахнасында пьесаны көрсетті.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне Оршанск зығыр комбинатының құрылыс материалдары комбинатының мәдениет үйінің драма, хор және би коллективтері ССРО халықтарының шығармаларынан концерт программаларын әзірледі. Мереке күндерінде 300-ден астам көркемөнерпазшылар коллективтері жаңа спектакльдер көрсетеді, музыкалық және хореографиялық шығармаларды орындап, өнер көрсетеді.

11 май.

(СОТА).

### КОЛХОЗДАР ҮШІН АҒАШ

ОМСК, (СОТА). Ертіс өзенінде кеме жүрісі басталған күннен бері солтүстіктен оңтүстікке Сибирь ағашы тиелген кемелер керуендері жүре бастады. Олардың көпшілігі жаңа жерлерді игеріп жатқан аудандарға жөнелтілуде. Кеше Усть—Ишим ауданының Кішкене Бица пристанынан «Академик Жуковский» теплоходы шықты. Бұл кемеге Қазақ ССР-нің колхоздарына сатуға арналған ағаш материалдары тиелген баржалар тіркелген.

Төменгі Ертіс пароходствосының өзен-

шілері Қазақстанға май айында 33 мың текшеметр құрылыс ағаштарын жеткізіп беруге міндеттеме алды.

«Правда» газетінің атындағы Дулев фарфор заводының коллективі (Москва облысы) Шығыс Қазақстан облысына фарфор ыдыстарының бір үлкен тобын жөнелтті. Май айының 6 күні ішінде завод тарелка, чайник, бокал және асханаға қажет ыдыстарды бірнеше вагонға тиіп жөнелтті. 390 мың сомнан астамның өнімі апрель аяғында Ақмола облысының аудандарына жөнелтілді.

(СОТА).




Ухтомский атындағы (Москва облысы) ауылшаруашылық машиналарының Люберецк заводы КСХ—2,1 шөп машинасын шығаруды меңгерді. СУРЕТТЕ: ХТЗ—7 тракторымен жүретін КСХ—2,1 қалқанды шөп машинасы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ

ГОРЬКИЙ, (СОТА). Горький электр станцияларын көптеп шығаруды меңгерді. Электр станциясының күші кіші-гірім елді пунктке жарық беруге, қырманды және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға жеткілікті.



Черкес автономия облысы. СУРЕТТЕ: Сталин атындағы колхоздың жайылым учасіткеріндегі қой қорасы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ПЕНЗАНЫҢ МАШИНА ҚҰРЫЛЫСЫ ЗАВОДЫНДА

Пензаның машина құрылысы заводында көкстентін көмірдің бойындағы дымқылдықты алып қалатын машиналарды көптеп шығара бастады. Донбастың, Кузбастың және Қарағандының байыту фабрикаларына мұндай машиналардан 14 машина жөнелтілді. Бұл машиналардың әрқайсысы сағатына 50 тонна көмір береді.

(СОТА).

# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия оқуы жылын аяқтауға тыңғылықты әзірлену—маңызды міндет

Партия оқуы жүйесіндегі оқу жылы аяқталуға жуық. Үстіміздегі оқу жылы СОКП Орталық Комитетінің «Партия оқуының жаңа оқу жылындағы міндеттері туралы» қаулысын жүзеге асыру, маркстік-лениндік теорияны насихаттауда дүмшелік пен доғмалыққа қарсы күрес жүргізу, сөйтіп, партия насихатын коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен тығыз байланыстыру жылы болды. Сонымен қатар, партия ұйымдары партия насихатында еріктілік принципін бұзуды жоя отырып, коммунистердің маркстік-лениндік теорияны үйрену жөнінде ынталығын, насихатшылардың теориялық және методикалық білімдерін арттырды.

Партия ұйымдарының басым көпшілігі партия оқуындағы еріктілік принципі коммунистерге кеңінен түсіндірді, ал кейбір жерлерде коммунистердің тілегі мен даярлықтары есенке алынбай ұйымдастырылған үйірмелер таратылды. Мәселен, паровоз деносы партия ұйымы коммунистерді үйірмелерге қамтуда еріктілік принципі бұрмалады. Бірқатар коммунистер «жүз процент қамту» мақсатында үйірмелерге қамтылды. Осының салдарынан кейбір тыңдаушылар, әсіресе, паровоз бригадаларындағы коммунистер үйірмелердің сабағына қатыспады. Партиямыздың Орталық Комитетінің нұсқауын орындай отырып, партия ұйымы үйірмелердің санын қысқартуды ұйғарды. Бірқатар коммунистер партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен үйренуге тілек білдірді, ал, үйірмелерде сабақ идеялық жоғары дәрежеде және ұйымшылықпен өтетін болды.

Алайда, партия насихатында формальдықты, бюрократтықты жою, сондай-ақ, коммунистердің оқуының сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс әзірге баяу жүргізіліп келеді. Кейбір жерлерде осы күнге дейін еріктілік принципі бұрмалау фактілері жойылған жоқ. Облыстық автомобиль басқармасы партия ұйымының жанындағы үйірмеде тыңдаушылардың сабаққа қатысуының төмен болуын тек коммунистердің еріктілік принципіне немқетті қараумен ғана түсіндіруге болады. Мұнда шофер болып істейтін коммунистер үнемі сапарда болғандықтан соңғы кезде үйірме сабағына мүде қатыса алмай жүр. Партия ұйымының секретары жіберілген қателіктерді түзетін, коммунистерге саяси білім берудің жайын жақсартудың орнына, оқу жылының аяғында коммунистер оқумен «жүз процент қамтылды» деп мәлімет беруді әуездейтін көрінеді. Мұндай зиянды әдеттен арылып, сапарда жүретін коммунистердің өздігінен оқуын ұйымдастырса, істің жайы анағұрлым жақсы болар еді.

Кәзір, оқу жылының аяғында, партия оқуына басшылық жасаудағы кемшіліктерді батыл жойып, коммунистердің оқуын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыру керек. Мұның өзі

жөнінде насихатшылардың кеңесін өткізді. Кеңесте қорытынды сабақтарды өткізу, тыңдаушылардың оқу программасын терең үйренуіне көмектесу, қорытынды сабақтарды емтихандарға айналдырмау жөнінде әңгіме болды.

Партия ұйымдарында партия оқуының оқу жылы жалпы 1 июльде аяқталмақ. Бірақ, мұнан барлық жерлерде саяси мектептер мен үйірмелер оқу программасын бір мезгілде аяқтау керек деген ұғым тұмайды. Партия ұйымының секретарылары мен насихатшылар сабақтың аяқталуын оқу программасының орындалуына, саяси мектептер мен үйірмелердің мүмкіндігіне қарай белгілеулері керек. Бұл жөнінде асханалар мен ресторандар мен тресті партия ұйымының жанындағы СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің насихатшысы Лопатков жолдастың жұмысын мысалға алуға болады. Үйірме оқу программасын өтуден көп кейін қалды. Сондықтан насихатшы сабақтың уақытын ұзарту немесе қосымша сабақтар ұйымдастыру асырыстық болатынын, мұның өзі коммунистердің саяси оқуына нұқсан келтіретінін ескеріп, оқу жылын партия тарихының төртінші тарауын үйренумен аяқтауды ұйғарды.

Партия оқуының оқу жылының аяғындағы қорытынды сабаққа әзірленуде қалалық финанс бөлімі партия ұйымы жанындағы партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің насихатшысы Прядько жолдастың жұмыс тәжірибесі басқаларға үлгі боларлықтай.

Ол жақында тыңдаушыларға қорытынды сабақтардың мақсатын түсіндірді. Прядько жолдас өзінің әңгімесінде қорытынды сабақтар тыңдаушылардың оқу материалын ұғынуына бақылау жасау үшін емес, олардың жыл бойы алған маркстік-лениндік білімдерін баянды ету, толықтыру мақсатында, оқу программасының тыңдаушылар үшін қиын тарауларын қайталау мақсатында жүргізетінін айтты.

—Қорытынды сабақтарды қайталау үшін, сөйтіп, оқу программасын терең үйрену үшін партия тарихының қай мәселелерін жете ұғынбағандарыңызды айтуды өтінемін, —деп сұрады насихатшы.

Насихатшының әңгімесі тыңдаушылардың қорытынды сабақтарды дұрыс ұйымдастыру жөнінде ынталылығын арттырды. Әңгіменің барысында партия тарихының бірқатар мәселелерін қорытынды сабақтарда қайталаудың қажет екені анықталды. Мәселен, үйірме тыңдаушысы Әбдіразақова жолдас Рессияда маркстік партияны қалыптастыруда РСДЖП екінші съезінің тарихи маңызын толық түсіне алмағанын айтты. Бұл мәселені жалғыз Әбдіразақова жолдас ғана емес, басқа да бірқатар тыңдаушылардың жете білмейтіні анықталды. Сондықтан насихатшы мен барлық тыңдаушылар партияның екінші съезінің маңызы жөнінде қорытынды сабақтарды қайталауды ұй-

сында диалектикалық және тарихи материализмнің маңызы туралы мәселені қорытынды сабақта қайта талқылауды ұсынды. Тыңдаушылардың көпшілігі бұл ұсынысты қызу қуаттады.

Алайда, тыңдаушылардың ұсынған барлық мәселелері қорытынды сабақтарға енгізілген жоқ. Мәселен, партия тарихының орыс жапон соғысы жөніндегі тарауын қайталау жөнінде әңгіме болды. Әңгіменің барысында орыс жапон соғысының барысын тыңдаушылардың жақсы білетіні байқалды, олардың көпшілігі бұл мәселені талқылауды қажет деп тапмады. Насихатшы тыңдаушылардың орыс жапон соғысында және бірінші орыс революциясы кезіндегі большевиктер мен меньшевиктердің тактикасын толық айыра алмайтындығын білетін еді. Сондықтан ол қорытынды сабақтарда маркстік партияның тактикалық негіздері туралы мәселе талқылауды ұсынды. Бұған тыңдаушылар ризалықтарын білдіріп, насихатшының пікірін толық қуаттады. Прядько жолдастың қорытынды сабақтарға әзірлену жөніндегі тәжірибесін барлық насихатшылар пайдалана білсе, коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыруда елеулі табыстарға ие болатыны сөзсіз.

Насихатшы Прядько жолдас қорытынды сабақтарда күрделі мәселелерді шешуге тура келетінін ескеріп, өзінің теориялық білімін арттыру жолында үзбей жұмыс істеуді. Кәзір ол қосымша әдебиеттерді көп оқиды және қалалық комитеттің жанындағы кітапханадан консультация алады.

Қалалық партия комитетінің кітапханасы партия оқуының оқу жылын аяқтауға әзірлік мәселелеріне байланысты насихатшыларға жан-жақты көмек көрсетуде. Олар үшін оқу программасының күрделі мәселелері бойынша консультациялар ұйымдастырылып, сабақты, лекцияны өткізу жөнінде методикалық кеңес берілуде. Соңғы күндері насихатшылар үшін диалектикалық және тарихи материализм жөнінде үш рет лекция оқылды.

Партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен үйреніп жүрген коммунистер үшін арнаулы қорытынды әңгімелер өткізілмейді. Егер кейбір теориялық мәселелер бойынша, өзара пікір алысуды тілек еткен коммунистер болса, онда олар үшін қалалық партия комитетінің кітапханасында теориялық әңгімелер өткізіледі.

Партия ұйымдары, насихатшылар оқу жылының қалған уақытында насихат жұмысының дәрежесін онан әрі арттырып, коммунистердің маркстік-лениндік ілімге деген өскелең талабын барынша қанағаттандыруға тиіс. Бұл міндеттердің орындалуы партия оқуына басшылықты онан әрі жақсарту беруді қа-



Қаладағы М. Горький атындағы ер балалар орта мектебінде. СУРЕТТЕ: жас мичуриншілер (оңнан солға қарай) Владимир Фролов, Владимир Воробьев, Равиль Ахмеджанов мектеп ауласына ағаш отырғызып жүр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Москва кітапханасымен байланыс

Облыстық кітапхана Москваның В. И. Ленин атындағы Ленин орденді мемлекеттік кітапханасының тұрақты абоненті болып саналады.

Дүние жүзіндегі ең бай бұл кітапханадан облыстық кітапхана өзінің кітап оқушылары үшін үнемі кітаптар алдырып отырады. Еліміздің жоғары оқу орындарында сырттан оқыйтындар, дипломанттар, ғылыми жұмыспен шұғылданушылар, өз білімдерін көтерушілер біздің кітапхана арқылы өткен жылы 130 кітап және оқулықтар алдырып оқыды.

Ленин атындағы мемлекеттік кітапханадан орыс, қазақ тілдеріндегі және ССРО-ның басқа халықтары тілдеріндегі, сол сыяқты шетел тілдеріндегі барлық саяси, көркем және техникалық ғылыми әдебиеттерді алдыруға болады. Кітапты пайдалану мерзімі бір ай.

Облыстық кітапхананың белсенді кітап оқушылары Свердлов политехникалық институтында сырттан оқушы А. Блинов, Москва машина жасау институтында сырттан оқушы М. Кротов, шағын двигателдер зауытының бухгалтері Е. Максимович жолдастар Москва кітапханасынан үзбестен кітап алдырып оқып отырады.

Москваның Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасынан облыстық кітапхана арқылы кітап алдырушылар саны жыл сайын көбеюде.

Т. ШАЛЫГИНА,

Облыстық кітапхананың оқу залының меңгерушісі.

### Бағалы сыйлық

Украин ССР-індегі Полтава қаласының

## ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Осы жылғы 5 майда ССРО Сыртқы Істер Министрлігі америка елшілігінен нота алды, бұл нота бойынша, АҚШ үкіметінің қолында Кореядағы соғыс қыймылдарына қатысқан америка соғыс тұтқындары Совет Одағына әкелініпті деген информация бар мыс.

12 майда Сыртқы Істер Министрлігі АҚШ елшілігіне мынадай мазмұнда жауап нота жолдады:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігі 1954 жылғы 5 майда алған Америка Құрама Штаттары елшілігінің № 947 нота-

сына байланысты, Министрлік мынаны мәлімдеуді аброй деп санады:

Кореядағы соғыс қыймылдарына қатысқан америка соғыс тұтқындары Совет Одағына әкелініп, кәзіргі уақытта совет күзетінде ұсталып отырмыс деген АҚШ үкіметінің жоғарыда көрсетілген нотада келтірген сылтауының қандайда болса дәлелді негізі жоқ және ол мүде ойдан шығарылған өтірік болып табылады, өйткені, Совет Одағында мұндай адамдар болған емес және мұндай адамдар жоқ».

### Облыс кәсіпорындарында

## Ауыл шаруашылығы үшін

СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль -март Пленумдарының қаулыларында ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің кең программасын жасап белгіледі. Партияның бұл тарихи қарарларында кәсіпорындары коллективтерінің алдында аса күрделі міндеттер қойылды.

Ауыл шаруашылығының қажетін өтейтін біздің артель өнім шығаруды ұлғайтып партиямыз алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне өз үлесін қосуға тиіс екендігі белгілі. Рас, артель Пленум қаулылары жарияланғаннан бергі жерде жегу өзбелдерін шығаруды біраз ұлғайтып, оның сапасын жақсартта түсті.

Соған қарамастан, артель ауыл шаруашылығының қажетін әлі де болса ойдағыдай өтей алмай отыр. Мысалы артель осы жылғы өнім шығаруды январь айына тағайындалған жоспарын небары 56,9 процент, февраль айының өндірістік жоспарын 93 процент қана орындады.

Бұл неліктен? Оған себеп сол—артель жыл басынан ат жегу өзбелдерінің жаңа түрлерін менгеріп шығаратын болды. Ол үшін біз қаладағы «Кожхимик» кәсіпшілік артелинен осыған қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын және маман өзбел өндірушілер алуға тиісті едік. Осыған байланысты артельде облыс колхоз, совхоздары үшін жегу өзбелдерін өндіру жоспары да едәуір ұлғайтылды. Алайда, облыстық кәсіпшілік Советі бізге аталған артельден тиісті өндіріс құрал-жабдықтарын көшіріп орнатуға мезгілде қажетті көмек көрсетпеді. Өзбелші маман кадрлар да толық жіберілмеді. Ал, құрал-жабдықтарды көшіріп орнатуға артельдің өзінің мүмкіншілігі тіпті болмады. Бұл жөнінде қажетті көмек көрсету керек екенін облыстық кәсіпшілік Советінің басшыларына, оның председатели Трушкин жолдасқа талай рет айттық. Бірақ, олар біздің бұл орынды тілегімізге ешбір құлақ аспады. Мұның ақыры осы жылдың алғашқы екі айында артельде өнім шығару жоспарының орындалмауына әкеліп соқты.

Біз бұл кемшіліктерді жойып, өндірістік жоспарды мінсіз орындауға жетісу жөнінде бірқатар шаралар белгіледік. Ішкі мүмкіншіліктер мен резервтерді толық пайдалануға бағытталған бірқатар ұйым-

әрістету жөніндегі бастамасын толық қосқан артель жұмысшылары өндіріс қуатын тиімді пайдалана отырып, жоғары өнімді үлгісіз көрсетуде. Соның нәтижесінде жегу өзбелдерін өндірудің жоспары март айында 105 процент, апрель айында 109 процент орындады. Бұл айларда артель қамыт, бобы, жүген, көтерме, айыл, тізгін сыяқты жүздеген соның жегу өзбелдерін жоспардан тыс өндірді.

Артель жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындауға міндеттеніп отыр. Кәзір бұл міндетті орындауға біздің ішкі күш-мүмкіншілігіміз жеткілікті. Өнім шығару жоспарын мінсіз орындауға кедергі болып келе жатқан тағы бір жағдайды да айтпай кетуге болмайды. Ол—артельдің өзбелдер жасауға қажетті материалдармен жеткілікті қамтамасыз етілмей отырғандығы. Бізде жегу өзбелдерін жасауға материалдар жиі-жиі болмай қалып жүр. Облыстық кәсіпшілік Советі бұл жөнінде әлі күнге дейін тиісті шаралар белгілемей отыр.

Біраз материалдарды, атап айтқанда өршік, ілгек, ер, шығыршық, үзенті сыяқты жегу өзбелдерін жасауға керекті материалдарды шарт бойынша Ақтөбе облысынан алып келеміз. Одан февраль айында мұндай материалдардың алғашқы бір тобын алған болатынбыз. Бұдан кейін ол облыс артельге ешбір материал жіберген жоқ. Бұл бізге үлкен қиыншылықтар келтіріп отыр. Көбінесе осындай материалдардың жоқтығынан өзбелдердің біраз түрлері аз өндіріліп жүр.

Ал, осы қиыншылықтарды жоюға жергілікті жерде мүмкіншіліктер бар ма? Әрине, бар. Аталған өзбелдердің бөлшектерін Ақтөбе облысынан алмай-ақ жергілікті кәсіпорындарының өзінде жасауға болар еді. Бұл бөлшектерді қаладағы шоғын құю-таразы зауытында, сондай-ақ біраз бөлшектерді «Молот», «Ударник» кәсіпшілік артельдерінің өзінде өндіруге толық мүмкіншілік бар. Мұның өзі артельдің ауыл шаруашылығы үшін жегу өзбелдерін жасап шығаруды едәуір тездетуге мүмкіндік берер еді.

Сөз жоқ, біз барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып, ауыл шаруашылығы үшін сапалы жегу өзбелдерін көп береміз, сөй-

өздерінде өткен жылдың қателіктерін қайталамау жөнінде қолайлы жағдай туғызады. Қалалық партия комитеті партия оқуы жүйесінде оқу жылын аяқтау

Тыңдаушы Капустин жолдас партия тарихының төртінші тарауынан Коммунистік партияның практикалық жұмы-

**А. СИЛИН,**  
Қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

бағалы сыйлық тартты. Олар өздерінің клуб кітапханасының қорынан 2800 сомның 1005 дана саяси және көркем әдебиет кітаптарын жіберген.

Сыйлыққа жіберілген кітаптардың ішінде классик жазушылар Л. Н. Толстойдың, И. А. Гончаровтың, А. П. Чеховтың, И. С. Тургеневтің, Н. А. Некрасовтың, Т. Г. Шевченконың және басқалардың шығармалары бар.

Механизаторлар полтавалық теміржолшылардан В. И. Ленин шығармаларының 28 томын, И. В. Сталин шығармаларының 13 томын, К. Маркстің және Ф. Энгельстің шығармаларын, СОКП тарихының (қысқаша курс) бірнеше кітабын, совет жазушыларының көптеген шығармаларын алды.

**Ә. СӘЛМЕНОВ.**

### Жас жылқышы

Совет ауданындағы Молотов атындағы колхоздың колхозшылары комсомолец Т. Тілеубергенов жолдасы орынды мақтай етеді. Ол соңғы 2—3 жыл бойы колхоз жылқысын бағып келеді. Осы мерзімнің ішінде оның қарамағындағы жылқылардың бірде-бірі шығынға ұшыраған жоқ. Өткен жылы жас жылқышы 10 биеден 10 құлын алып, шығынсыз өсірді. Мұның өзі колхозда жылқы өсіру жөніндегі тағайындалған тапсырманың толық орындалуына мүмкіндік берді.

Тілеубергенов жолдас қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, быйыл 16 биеден 16 құлын өсіруге сәрт берді. Кәзірдің өзінде колхозда 7 биеден 7 құлын алынып, шығынсыз өсіріліп келеді. Оның алған міндеттемесін аброймен орындап шығатындығы сөзсіз.

**Қ. ЗАҒЫПАРОВ,**

Бастауыш комсомол ұйымының секретары.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

### „Аудандық мәдениет бөлімі не ойлайды екен“

Осы тақырыпты редакцияға түскен тілші хаттарында Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы, Киров атындағы Жамбыл атындағы, Калинин атындағы колхоздарда кино көрсету ісінің мүлде нашар екендігі, бұл жағдайды көре біле тұра аудандық мәдениет бөлімінің колхозшыларды киномен қамту ісін жақсарту жөнінде ештеңе қарастырмай отырғандығы айтылған еді.

Бұл жөнінде облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі редакцияға мынаны хабарлады: тексерісте тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталды. Аталған колхоздарда кинофильмдердің үнемі көрсетіліп тұруын қамтамасыз етпеген айыпты адамдарға тиісті шара қолданылды. Жұмысты жақсарту шарасы белгіленді. **Г**

дастыру-техникалық шаралар белгіленіп, жүзеге асырылды. Бұл кәзір өзінің жақсы нәтижелерін бере бастады. Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен

інде алға қойылған міндеттерді орындау ісіне өз үлесімізді қосамыз.

**В. ЖОЛОВОВ,**

«Қазақстанның 10 жылдығы» кәсіпшілік артелінің председателі.

### Рационализаторлар қатары көбеюде

Электр станциялары және электр өнеркәсібі министрлігінің Петропавлдағы заводында еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстар енгізушілердің қатары барған сайын көбейе түсуде. Осы жылғы төрт ай ішінде мұнда 20 жаңалық ұсыныс енгізілді. Бұл ұсыныстар енгізудің жылдық жоспарының 40 процентіне тең. Завод рационализаторлық ұсыныстар есебінен 350 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

И. Черемушкин жолдас —заводтың таңдаулы жаңашылдарының бірі. Ол жыл сайын бірнеше жаңалық ұсыныстар енгізумен кәзге, түсіп келе жатқан слесарь. Жаңашыл озат қағаз кесетін машинаның конструкциясын ойлап шығарды. Бұрын заводта қағаз кесу жұмыстары қолмен атқарылып келген болатын. Черемушкин ойлап шығарған машинаның іске қосылуы бұл жұмысты механикаландырып, одан бірнеше жұмысшыларды босатуға мүмкіндік берді. Қағаз тіау жұмыстарының машина күшімен атқарылуы нәтижесінде еңбек өнімділігі үш есе арттырылды.

Черемушкин жолдас матаның сыртына бояу жағып, әшекейлеуді жетілдіру жө-

інде бағалы рационализаторлық ұсыныс енгізді. Бұл заводқа жылына 34 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік әперді.

Заводта металл ленталарын кесу жұмысы көп уақытқа дейін қолмен атқарылып келген еді. Жуырда мастер Венкурцев жолдас металл ленталарды кесетін арнаулы апараттың конструкциясын ұсынды. Оның бұл ұсынысы қабыл алынды. Апараттың іске қосылуы еңбек өнімділігін едәуір арттыруға, жылына 5 мың сомға жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Инженер Пологов рационализаторлық ұсыныстар енгізу жөнінде жемісті еңбек етуде. Оның кәзіргі уақытта сынаққа берілген жаңалық ұсынысы өндіріске енгізілгеннен кейін жылына 70 мың сомнан астам үнем беретін болады.

Өндіріс резервтері мен мүмкіншіліктерін толық пайдалану және рационализаторлық ұсыныстарды көптеп енгізу заводта еңбек өнімділігін онан сайын арттыруға, өнім сапасын жақсартып, оның түсер құнын кемітуге қолайлы жағдайлар туғызуда.

**А. БОРАНБАЕВ.**

### Мінсіз сапалы өнім шығарушылар

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының бастамасын қызу қостаған Петропавл арақ-шарап комбинатының коллективі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін барған сайын арттыруда. Мұның өзі өнім шығаруды ұлғайтуға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге қолайлы жағдай туғызуда.

Өнім шығарудың төрт айлық жоспарын комбинат 123 процент орындады. Жарты миллионға жуық өнім жоспардан тыс шығарылды. Комбинатта өнімнің сапасы да жақсара түсті. Жуырда азық-түлік өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподақтарының республикалық комитетінен комбинат өзінің таңдаулы цехтары мен сменаларына «Мінсіз сапалы өнім шығаратын цехтар мен сменалар» деген атақ берілді деген хабар алды. Оның ішінде мастер Куштов жолдас басқарған ректификация, мастер Будков жолдас басқарған тазалау цехтары, технологтар Тувышева, Пастухова жолдасар басқарған сменалар бар.

### ТАҢДАУЛЫ ПОЕЗД ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР

Шмаков, Тимошенко, Обухов жолдасар Петропавл станцияда бірнеше жылдан бері поезд құрастырушы болып істейді. Аталған жолдасар Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін арттыра түсу жөніндегі игілікті бастамасын толық қостап, әрбір

Мұнымен бірге арақ-шарап зауытының жұмысшылары да өнім сапасын барған сайын арттыруда. Заводтың Лаврова, Кулина, Шмалыкова жолдасар сияқты жұмысшылары өндіріс технологиясын мұқият сақтап, ұдайы мінсіз сапалы өнім шығарып келе жатқандар.

Комбинат коллективі москвалықтардың бастамасын қостап, еңбек өнімділігін 5 процент арттыруға міндеттенген-ді. Жұмысшылардың ұдайы өнімді еңбек етуінің нәтижесінде мұнда еңбек өнімділігі кәзірдің өзінде 9 процент артты.

Осымен қатар комбинат үстемізіндегі жылдың өндірістік жоспарын 15 декабрьге дейін толық орындауға, жоспардан тыс 23 мың декалитр спирт беруге міндеттеніп отыр. Бұл күндері коллектив өзінің барлық күш-мүмкіншіліктерін осы міндетті аброймен орындауға, өнім сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кемітуге жұмылдыруда.

**Ж. БЕКТАСОВ.**

**С. ЕСКЕНДІРОВ.**

### Бригададағы партия тобы

Баян МТС-нің қамтуындағы «Баян» колхозының тың және тыңайған жерлерінде жұмыс істейтін № 25 трактор бригадасында партия тобының құрылып, оның жұмысқа кіріскеніне біраз уақыт болды. Бригадада партия тобының құрылуы механизаторлар арасындағы партиялық-саяси жұмысты жақсартуға, көктемгі дала жұмыстарын деркезінде аяқтауға мүмкіндік беруде.

Партия тобы МТС партия ұйымымен (секретары И. Карпов жолдас) бірлесе отырып, өзінің жұмыс жоспарын жасады. Ол жоспар партия жыйналысында коммунистердің талқылауына ұсынылып, олардың кейбір толықтырмаларынан кейін бекітілді. Жоспарда көктемгі егіс күндерінде жүргізілетін партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың түрлері көрсетілген.

Партия тобы өзінің алғашқы жұмысын механизаторлар арасындағы социалистік жарысты ұйымдастырудан және басқа ұйымдастыру жұмыстарынан бастады. Бригаданың барлық механизаторлары өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, көктемгі дала жұмыстарын 12 жұмыс күні ішінде, сапалы етіп аяқтауға сәрт берді. Кәзір механизаторлар осы алған социалистік міндеттемелерін деркезінде орындау жолында қажырлы еңбек етіп, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетіп жүр.

Механизаторлар Г. Хамитов және оның сменашысы В. Бравченко жолдасар «С—80» тракторымен 1500 гектар тың көтеруге міндеттенді. Сол сияқты, Ж. Сапенов, оның сменашысы Т. Нұрғалиев жолдасар «ДТ—54» тракторымен 1300 гектар тың көтеруге сәрт берді. Кәзір олар «С—80», «ДТ—54» тракторларымен 10,6—5,6 гектар орнына, 11—8 гектардан тың жыртып жүр.

Машина-трактор станциясы біздің бригаданы отандық қуатты техникамен қамтамасыз етті. Бұл машиналарда өз мамандықтарын ойдағыдай меңгерген патриоттар жұмыс істеп жүр. Олардың көпшілігі Москвадан, Алматыдан және Петропавлдан партияның шақыруы бойынша Солтүстік Қазақстанның тың жерлерін игеруге көмекке келген комсомолецтер мен жастар.

МТС дирекциясы мен колхоз басқармасы механизаторлардың жемісті жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасап отыр. Колхоз басқармасы бригадада тіркеуші, жағар, жанар майларын тасушы және асбазшы болып істеу үшін өз жұмысына жауаптылықпен қарайтын, тыңғылықты колхозшыларды бөледі. Оның үстіне колхоз механизаторларды үш мезгіл ыстық тамақ пен және басқа тағамдармен толық қамтамасыз етіп келеді.

**О. БОШАНОВ,**

Баян МТС-нің № 25 трактор бригадасындағы партия тобының жетекшісі.

### Пәрменді үгіт

Жамбыл атындағы колхоздың партия ұйымы (Октябрь ауданы) Кеңес ауылындағы бастауыш мектептің мұғалімі, комсомолец Т. Нұрқанов жолдасы жаңа жерлерде жұмыс істейтін № 10 трактор бригадасына үгітші етіп белгіледі. Міне, сол уақыттан бастап ол механизаторлар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жүргізуге белсене кірісіп, оларды жаңа еңбек табыстарына жұмылдырып келеді.

Үгітші Нұрқанов өзінің жұмысын көктем егісі кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыстардың жоспарын жасаудан бастады. Бұл үшін ол алдымен колхоз партия ұйымының секретары Т. Құсайынов және трактор бригадасының бригадирі Қ. Нұрпейісов жолдасармен ақылдасып, жеке-леген механизаторлармен әңгімелесті, олардың қандай тақырыптарды сүйсіне тыңдайтынын жете біліп алды. Мұның бәрі бригададағы саяси үгітті жақсартуға мүмкіндік берді.

Бұл күндері бригада механизаторларының түсікі үзіліс кезінде вагоншаның ішіне орналастырылған қызыл мүйіске келіп, үгітшінің әңгімесін тыңдау, газет, журналдардан және көркем әдебиеттерден дауыстап үзінділер оқуы әдетке айналды. Үгітші механизаторларға ұлан-байтақ елімізде болып жатқан жаңалықтарды, халықаралық жағдай, әсресе, кәзір жүріп жатқан сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі туралы хабарлар айтады.

Бригадада саяси үгіттің жақсара түсуі көктем егісі жұмыстарының пәрменді жүргізілуіне көп әсерін тигізуде. Бригада осы көктемде көтеріліп, тұқым себілетін 360 гектар тың және тыңайған жерлердегі дала жұмыстарын аяқтап келеді.

Үгітші Нұрқанов әрбір бескүн \* сайын механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа қорытынды жасап, жауынгерлік листоктар шығаруға да белсене араласады. Мұнда озат механизаторлардың іс тәжірибелері жазылып, ол басқаларға үлгі ретінде ұсынылады, кемшіліктер сынға алынады.

Бригаданың қабырға газетінде жазылған сын мақалалар өндіріс жыйналыстарында талқыланып, жұмыстағы кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіленеді. Бұл механизаторлардың және тіркеушілердің кейбір жетіспеушіліктерін жұмыс үстінде түзеулеріне, олардың сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындауларына айтарлықтай әсер етуде.

Комсомолец Нұрқанов партия ұйымының басшылығымен бригададағы саяси жұмысты бұдан да жақсартып, механизаторларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіреді.

**Б. ЕСАЛИН.**

# Шөп шабу маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жету міндетін қойды. Колхоздар мен совхоздарда мал санын көбейтудің және өнімділігін арттырудың пайдаланылмай келе жатқан жолдарын аяқ көрсетті.

Бұл маңызды міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы ең алдымен мал азығының берік базасы жасалуына, қоғамдық мадды жазғы уақытта көк шөпнен азықтандыруға, қысқы маусымға құнарлы азықтың мол дайындалуына тікелей байланысты. Малға азық дайындаудың ең негізгі әрі шешуші кезеңі — шөп шабу маусымы болып саналады.

Облыс колхоздары мен совхоздарында қоғамдық малға құнарлы азықты көп әзірлеуге қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Партиямыз бен үкметіміз МТС-терді кең алымды шөп шабатын, шабылған шөпті жыйнайтын машиналармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етті. Мұның өзі мал азығын дайындау жұмысының барлық процестерін механикаландыруға мүмкіндік береді.

Алайда, облыстың көп колхоздарында осы уақытқа дейін мал азығын дайындау ісінің маңызына жете көңіл бөлінбей келеді. Бұл іске әзірлік шөп шабу маусымы басталуына 4—5 күн қалғанда ғана қолға алынады. Мұнымен бірге шөп шабу кезінде шөп шабатын және жыйнайтын машиналардың қуаты жұмысқа толық пайдаланылмайды. Осының салдарынан бұл жұмыс күзгі уақытқа дейін созылады. Оның үстіне мал азығын дайындау жолдары орындалмайды.

Өткен жылы осындай кемшіліктер облысымыздың қай аудандарында болсын кездесті. Мұның ақыры бірде-бір колхозда мал азығын дайындау жоспарының тонна есебімен орындалмауына әкеліп соқты. Жемшөптің жеткіліксіз дайындалуынан, әсіресе, Мамлют, Приешім және Соколов аудандарының колхоздарында жыл сайын мал шығынына жол беріліп, мал шаруашылығының өнімі мүлдем төмен болып келеді. Мамлют ауданының «Память Кирова», Соколов ауданының Ленин атындағы колхоздарында өткен қыстың өзінде қоғамдық малға азық жетіспеді. Осы себепті малдардың қоны төмендеп, олардың біразы шығын болды. Сыйырлардың сүттілігі мүлдем төмендеді. Мұндай кемшіліктер жалғыз бұл екі колхозда ғана орын алып қойған жоқ. Бұл жөнінде облыстың көптеген колхоздарына нақтылық фактілер келтіруге болады.

Жергілікті партия, совет ұйымдары мен МТС және колхоз басшылары өткен жылдың мұндай кемшіліктерінен қорыттыңды шығарып, мал шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын осы бастан белгілеп, әрбір колхоздың және МТС-тің шөп шабу маусымына тыңғылықты әзірленулерін ұйымдастыра білуге міндетті еді. Көзгі істің жайы облыс колхоздары мен МТС-терінде шөп шабу маусымына әзірліктің мүлдем нашар екен-

Шөп шабуға әзірліктің барысы әсіресе, Октябрь, Совет және Петропавл аудандарының колхоздарында өте-өте баяу. Петропавл ауданының Асанов және Петропавл МТС-терінде жөнделуге жататын ондаған кеңалымды шөп машиналары мен шөп жыйнағыштары бар бола тұрса да, МТС басшылары бұл машиналарды жөндеуді ұйымдастырмай келеді. МТС директорлары Любарь және Чайко жолдастар өткен жылғы мал қыстатудағы кездескен қиыншылықтарды мүлде естен шығарған көрінеді.

Осы сияқты, Торангүл, Шағлы және Ворошилов атындағы МТС-тердің басшылары да шөп шабу маусымына әзірлікті көріне көзге бөген келеді. Бұл аталған МТС-терде осы уақытқа дейін бірде-бір шөп машинасы жөнделмеген.

Шөп шабу маусымының қысқа мерзімде өткізілуі колхоздардағы көлікке жетілетін шөп машиналарының да сапалы жөндеуін талап етеді. Бірақ, көптеген колхоздардың басшылары МТС-тердің күшіне сеніп, бұл жұмыстарды ұйымдастырмаған. Мысалға Преснов ауданының колхоздарын алуға болады. Аудан колхоздарында барлығы 243 шөп машиналары бар. Осы уақытқа дейін бұлардың небары 25-сі ғана жөнделген. Жағдай Булаев және Приешім аудандарының колхоздарында бұдан да нашар.

Облысымызда мал азығын дайындайтын машиналардың қай түрі болса жеткілікті. Егер осы машиналар жұмысқа өнімді пайдаланылса, онда шөп шабу жоспарын ең қысқа мерзімде-ақ артығымен орындауға болады. Бұған жетісу үшін алдымен шөп шабу маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оны алғашқы күннен бастап ұйымдастыру түрде жүргізу керек.

Ауыл шаруашылығы орындары қызметкерлерінің міндеті шөп шабуға әзірлікті әрбір колхоз, МТС бойынша тыңғылықты ұйымдастыру, бұл іске күнбе-күн бақылау жасау болып табылады. Мұнымен бірге, олар МТС мастерскойларында шөп машиналарының жөндеу барысымен күнбе-күн шұғылланып отыруға, бұл жұмыстың сапалы жүргізілуіне жетісуге тиіс.

Бұл жөнінде «Сельхозснаб» мекемесі мен тұтыну қоғамдарының қызметкерлері колхоздар мен МТС-терге нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Олар колхоздар мен МТС-терге шөп машиналарының қажетті бөлшектерін кезінде жеткізіп отыруға міндетті. Бұл жөніндегі колхоздар мен МТС-тердің тілектері үнемі қанағаттандырылып отырылуы керек.

Мал шаруашылығы өнімін арттыру үшін құнарлы азықты дайындау ісінің маңызы ерекше күшті. Өткен жылы көптеген колхоздар мал азығын сүрлеу жоспарын орындамады. Бұл іске әзірлік бірқатар колхоздарда үстеміздегі жылы да нашар жүргізіліп келеді. МТС-тердің көпшілігі азық турағыш машиналарды жөндеу ісіне кіріскен жоқ.

колхоз бойынша мал азығын сүрлеу жоспарының толық және артығымен орындалуына жетісу керек.

Мал азығын дайындау жоспарын мерзімінде орындау шөп машиналарында жұмыс істеуші кадрлардың іскерлігіне тыңғыз байланысты. Кең алымды және өздігінен жүретін шөп машиналарының машинистері олардың тетігін жете білуге тиіс. Алайда, бірқатар МТС-тер мен колхоздардың басшылары мұндай кадрларды дайындау ісіне әлі күнге дейін назар аудармай отыр. Әрбір колхозды шөп машиналары мамандарымен қажетінше қамтамасыз ету үшін МТС жанында курстер ұйымдастыру керек.

Біздің облыстың жағдайында мал азығын дайындау маусымы ауылшаруашылық жұмыстарының жауапты кезеңінің бірінен саналады. Бұл маусымды үлгілі өткізу үшін әрбір колхозда және бригадаларда шөп шабу, шабылған шөпті жыйнау және майлау жұмыстарының жоспарлары болуға тиіс. Бұл жоспарда шөп шабу жұмысының қай кезде басталатындығы, қай бригадада қанша адамдардың жұмыс істейтіндіктері көрсетіледі. Әрбір колхозда пішіншілер бригадасы ұйымдастырылып, ол бригадалардың құрамына жұмыс адамдары, шөп машиналары, күш-көліктері жеткілікті мөлшерде бөлінуі керек.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мүддесі жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан шөп шабу маусымына әрбір колхоздың, МТС-тің тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етуді талап етеді. Мал шаруашылығының өркендеуі мал азығының берік базасы жасалуына тікелей байланысты екендігін әр уақытта естен шығармау керек.

Жақында Қазақстан Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздарында, совхоздарында, МТС-тер мен ММПС-терінде пішін шабу, жай және құнарлы жемшөп дайындау жұмыстарына әзірліктің жайын талқылап, арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары шөп шабу маусымына әзірлік жұмыстарының тез арада аяқталуын ұйымдастыруға және мал азығының берік базасын жасауға міндеттелді. Сондықтан мал азығын дайындау мәселесі жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз басшыларының ең жауапты жұмыстарының бірінен саналады. Партия, совет ұйымдары механизаторлар мен колхозшылар арасындағы ұйымдастырушылық және үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге, осы арқылы оларды шөп шабу маусымына үлгілі әзірленуге бастай білуге тиіс.

Әрбір колхозшының және механизатордың мал азығының берік базасын жасау жолындағы белсенділіктерін арттыру арқылы шөп шабу маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленейік.

Ф. НАБОНОВ.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

## ИНЖЕНЕР

Көз жетпейтін түбіне  
Жөк бір теңіз тұңғылық.  
Бұлт қабағы түйіле  
Қалың нөсер тұр күйін.

Дөң басында топ адам  
Қалады-ау деп жауында.  
Койшы біздің аттанған  
Шақыруға ауылға.

—Жүресіздер адырда  
Күндіз демей, түн демей.  
Беттеңіздер ауылға  
Бекер түзде түнемей.

—Емес бізге түз тосаң  
Талай жүрдік көк мұзда.  
Үйренгелі біз қашан  
Боран-шашын, жел-құзға.

Комбинезонды біреуді  
Көріп қалса дүзде егер.  
Дейді қойшы түнеугі  
Өзіміздің инженер.

## ПРЕСНОВ АУДАНЫНДА

### Үлгілі ұста

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артілінің қарт колхозшысы Ә. Бектұров жолдас 18 жылдан бері колхоз ұстасы болып істейді. Өзінің қажырлы еңбегі үшін ол жыл сайын колхоз басқармасынан сыйлық алып келеді.

Быйылғы жылы да Бектұров жолдас колхоздың ұста дүкенінде қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Ол көктемгі егіске дайындық кезінде 3 культиватор, 8 тырма, 6 бричкені сапалы жөндеді.

Е. ӘБІЛОВ.

### Тәжірибе участогінде

Айымжан жетікылдық мектебінің жанындағы оқу-тәжірибе участогінде мектеп оқушылары ботаника пәнінің оқытушысы Қ. Тырқаев жолдасның басшылығымен тәжірибе жұмыстары жүргізілуде. Оқушылар көзір тәжірибе участогіне қатты бидай тұқымын, жүгері, күнбағыс (екті). Овоц егістері шаршы-ұялап отырғызылды.

А. САДЫҚОВ.

### Ата-аналар жыйналысы

Жуырда Баян орта мектебінде ата-аналар жыйналысы болып өтті. Жыйналыста мектеп директоры Е. Мусин жолдас оқу-тәрбие жұмысының жайы, емтиханға әзірлік және ата-аналардың міндеттері туралы баяндама жасады.

Жыйналыстан кейін оқушылардың күшімен ата-аналарға концерт берілді және ойын қойып көрсетілді.

К. ӘЛМҰРЗИН.

### Екі жүк машинасы бар

Калинин атындағы колхоз бұ-

## Филармония артистерінің концерті



СУРЕТТЕ: Қазақтың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының бір топ артистері (солдан оңға қарай) отырғандар: Т. Кузнецова, К. Райская, А. Морфесси және З. Розмұхамедова. Түрегел тұрғандар: ССР Одағының спорт мастери И. Тираспольский және Я. Воинов.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Біздің облысымызда астанадағы филармонияның екі концерт бригадасы облыс егіншілеріне концерттер көрсетіп жүр.

Бұл концерт бригадасының бірін Қазақтың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының әншісі, орыстың халық әндері мен күлдіргі өлеңдерін орындаушы Клавдия Семеновна Райская басқарады.

Райская —өзінің жоғары мәдениетті әншілік өнерімен республика жұртшылығына мәлім әнші. Оның репертуарындағы орыстың халық әндері мен күлдіргі өлеңдері өзінің шебер орындауымен тыңдаушыларды сүйсіндіреді. Әсіресе, Райская орындайтын композитор Блантердің «Солдат қалай қызмет етті» атты патша армиясындағы солдаттардың ауыр өмірін баяндайтын өлең өте тартымды. 25 жыл бойы қорлық пен мазактың, ауыртпалық пен қиыншылықтың зардабын басынан кешіріп, енді туған үйіне демалысқа оралған қарт солдаттың қайғысын Райская өте шеберлікпен жеткізе біледі. Зарлы өлеңнің мазмұнына қарай дауыс ырғағын да түрлендіре құбылтып, ән өнерін бірде бауызата, бірде шырқата салатын шебер әнші бұл өлеңді беріле орындауымен тыңдаушыларды қатты толқытады. Сол сияқты, ол «Таудың арғы жағындағы құдық жанында» әнін де зор шеберлікпен орындайды. Бұл өлеңдегі лирикалы мазмұн Райскаяның дауыс өнерімен ерекше нәзік сыйпат алып, өзінің көркемдігін еркін сездіреді.

Клавдия Райская, сонымен қатар, орыс частушкарлары мен күлдіргі әндерін орындаудың шебері. Әсіресе, ол «Сибирь частушкарларын» өте жақсы орындайды.

баяндау өте қиын міндет. Дегенмен, биіші бұл міндетті ойдағыдай орындай алған. Қыздың ішкі ой дүниесінің толқушылығын, кейде зор қуанышын ол әр сезімнің өзіне лайықты дене қиймыларымен береді.

ССРО спорт мастери, филармонияның артисі Илья Тираспольский мен Таян Кузнецованың орындауындағы акробаттық этюд концерт бригадасының репертуарындағы талдаулы номерлердің бірі. Көрпшілер, әсіресе, Таян Кузнецованың гимнастикалық шеберлігіне өте сүйсінді.

Баянда ойнаушы Аркадий Морфесси өзінің музыка шеберлігін көрпшілерге обден таныта алды. Әсіресе, ол орындаған Украинаның халық әндерінен алынған музыкалық номер өте жақсы шықты.

Бригаданың концерт жүргізушісі Яков Воинов — көркем оқудың шебері. Оның репертуары да бүгінгі күннің талабына сай құрылған. Мәселен, ол оқыған ақын Уриннің «Тағы да шығысқа» атты өлеңі көзіргі кезеңдегі бүкілхалықтық міндет —еліміздің шығыс облыстарындағы пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен аттанып бара жатқан патриоттарға арналған.

Я. Воиновтың репертуарының басым көпшілігі сатира-элеуметтік мазмұндағы сатиралық және ирониялық фельетондар. Оның орындауындағы Набатовтың «Жапон генералының Буддамен кеңесі» атты сатиралық фельетоны өз мүддесі үшін ары мен намысын, отанын сақтаған оңасыздың арам ниетін әшкерелейді. Артист бұл өлеңнің саяси мазмұнын терең түсініп, зор шеберлікпен орындайды. Сол

даны көрсетеді. 10 жаша дейін АТС-тердегі кең алымды шөп машиналарын жөндеу жоспары небары 30 проценттей ғана орындалған.

Быйыл әрбір колхозда мал азығын сүрлеу жоспарын толық орындап шығу үшін, әзірлік жұмыстарының қарқынды кеңінен күшейту қажет. Сөйтіп, әрбір

ҚКП облыстық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

дан бұрын бір жүк машинасын сатып алған еді. Бұл машинаны шаруашылықта пайдалану арқылы колхоз едәуір кіріс тапты. Сөйтіп, бұл қаржыға тағы да бір жүк автомашинасын сатып алды. Көзір колхоздың 2 жүк машинасы бар.

А. МҰҚАНОВ.

Мәдени аспаптар сатып алынууда

Аманкелді атындағы колхоз кітапханасында саяси, көркем әдебиет кітаптары көптеп саналады. Кітап қоры жаңа кітаптар сатып алу есебінен жыл сайын толықтырылып келеді.

Кітапхана үшін түрлі мәдени аспаптар да сатып алынууда. Көзір мұнда, шахмат, мандалин, патефон домбыра, радиоқабылдағыш және басқа да мәдени құралдар бар.

Қ. РАББАСОВ, С. СЫНАТАЕВ.

хамедова қазақтың және ұйғырдың халық билерін орындайды. Оның орындауындағы билер, әр қайсысының өзінің ерекшеліктерімен құнды. Розмұхамедова орындаған ұйғыр биі махаббат құшағындағы қыздың ішкі жан дүниесін және ой-қиялын баяндауға арналған. Әрине, бұл сыяқты күрделі сезімді дененің сыртқы қыймылымен

өбіна арналған өлеңдерді орындауы да ойдағыдай.

Райская жолдас басқарған концерт бригадасы кеше облыс орталығынан Ленин ауданының колхоздары мен совхоздарына жүріп кетті. Олар мұнда аудан егіншілеріне көптеген концерттер көрсетпек.

Т. ҚАКИМОВ.

МИХАИЛ БОТВИННИК ШАХМАТТАН ДҮНИЕ ЖҮЗИНІҢ ЧЕМПИОНЫ АТАҒЫН САҚТАП ҚАЛДЫ

13 майда Москвада, П. И. Чайковский атындағы концерт залында шахматтан дүние жүзінде бірінші орын алу матчінің 24-ші, қорытынды ойыны болды. Акрам, Ботвинник өз жағдайын бұрынғыдан да жақсартып, карамен ойнаушыны қорғанысқа көшуге мәжбүр етті. 22-ші жүрісте Смыслов ойынды тепетен аяқтауға ұсыныс жасады, бұл ұсынысты Ботвинник қабылдады. Есеп 12:12. Жарыс шарты бойынша Ботвинник дүние жүзінің чемпионына, фигурандарды өте қолайлы орналастыру арқасын-

да күшті позиция құруға мүмкіншілік туды.

Қарамен ойнаушы ойын орталығын ферзя жақ шеттен құруға тырысты. Бірақ, Ботвинник өз жағдайын бұрынғыдан да жақсартып, карамен ойнаушыны қорғанысқа көшуге мәжбүр етті.

22-ші жүрісте Смыслов ойынды тепетен аяқтауға ұсыныс жасады, бұл ұсынысты Ботвинник қабылдады. Есеп 12:12. Жарыс шарты бойынша Ботвинник дүние жүзінің чемпионы атағын сақтап қалды.

Ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесінен

Картоп өнімін екі есе арттырамыз

Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің нақты программасын белгілеп берді. Атап айтқанда,

Н. С. Хрущев жолдас ССКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы 3 сентябрьде болған Пленумында жасаған баяндамасында картоптан жоғары өнім алудың шеберлері туралы айта келіп, тектарынан 800 центнерден өнім алған украин колхозшы әйелі Марта Худолійдің есімін атады. Осы мақаласында М. Худолій өз звеносының жұмыс туралы баяндайды.

Көң, күл, күс санырығын дайындауды қысқы маусымда жүргіземіз. Бұл тыңайтқыштарда көректендіру заттарын мол сақтау үшін, егін алаңына

үлкен алаңдарда картоптан жоғары өнім алу міндеті қойылды. Біздің звено онсегіз жылдан бері картоп өсіру ісімен айналысып келеді. Ұдайымен бірнеше жыл бойына біз бұл бағалы дақылдан жоғары өнім алып келеміз. Біз бұған қалай жетістік?

Жағдайда жоспарға түзетулер енгізіледі. Картоп егетін алаңды іріктен және оны кезінде жоғары сапалы өңдеудің орасан зор маңызы бар. Бұрын күздік бидай егілген жерге кейіннен картоп отырғызудың пайдасы зор екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Мәселен, өткен жылы звено бұрын күздік бидай егілген жерге картоп отырғызды. Күздік бидай орылғаннан кейін біз егіс алаңын 5-6 сантиметр тереңдікте трактор дүңгінмен өңдедік, ал сентябрьдің бірінші аптасында қосымша түрелді трактор плугімен 25 сантиметрге дейінгі тереңдікте жыртыдық. Жерді терең жыртыу ылғалды сақтап қана қоймайды, сонымен қатар, картоптың тамыр жүйесінің өсіп, жетілуіне өте қолайлы жағдай туғызады.

Тасылатын көңді кеңдігі 3—4 метрлік, биіктігі 1,5 метрлік, ұзындығы 20 метрлік жал етіп үйеміз де оны шірінді ұнтақтарымен, ал, ең жоғары қабатын кармен жабамыз. Соңғы жылдары мергель және фекалий тыңайтқыштарын қоса жыртып, көңді қыртыстап үю арқылы шымтезек компосттарын әзірлеуді қолданып жүрміз.

Тыңайтқыштарды қолдануда сараңдық жасауға болмайды. Мәселен, біздің звено 1953 жылы 10 гектар жерге 100 тонна шірінді, 100 тонна шымтезек компостының, 80 центнер күл жұмсады, ал, минералдық тыңайтқыштар — сульфат-аммония, суперфосфат және калий тыңайтқыштарының әрбір гектарға орта есеппен 13,5 центнері кетті. Трактор культиваторымен 10—12 сантиметр тереңдікте жүргізілетін бірінші рет культивациялауда біз бір гектар жерге 4 центнер суперфосфат, 1,2 центнер сульфат-аммония, 2,5 центнер калий тыңайтқыштарын жұмсаймыз. Екінші культивацияны бір кезде тырмалай отырып, 14—15 сантиметрлік тереңдікте егіс алаңының көлденеңінен жүргіземіз. Қыста қар тоқтатамыз.

ТҰҚЫМ ӘЗІРЛЕУ

«Не ескең—соны орасың» деген халық мақалы бар. Бұл өте дұрыс мақал. Тұқымды іріктен алуға және оны сақтауға зор жауапкершілікпен қарау керек. Біздің звено картоптың тек мол өнім бе-

ретін: ерте пісетін — «Сеянец—328», орташа маусымда пісетін — «Сеянец—419», «Полесский», «Сеянец—36» сорттарын ғана егеді. Тұқым үшін құрғақ, әрқайсысының салмағы 50—100 грамма жететін бүлінбеген түйнектерді іріктеп аламыз. Әдетте көктемде тұқымды іріктен байқап шығамыз. Тұқым себілетін ауданда дала жағдайында картопты отырғызбастан 20—25 күн бұрын түйнектерді дәрілейміз. Бұл мейлінше жеңіл жұмыс. Жерге сабан төсейміз де оның үстіне екі-үш қабат етіп картоп тұқымын жаямыз. Ал, оның үстіне дымқыл сабан жабамыз. Түнге қарағанда және ауа райы суына бастағанда картоптың үстіне қосымша құрғақ сабан жабамыз.

Тұқымды дала жағдайында яровизациялаудың бағалылығы сонда — ол арнаулы орынды, отынды, тасымалдауға қосымша шығындарды талап етпейді және ең бастысы дала жағдайында яровизациялаған кезде түйнектер бүлінбестен көктей бастайды. Көктегендегі тамырлардың барлығы да сақталады, өйткені, яровизацияланғаннан кейін тасымалданбайды.

Тұқымдық картопты отырғызардан бұрын бактериялық тыңайтқыштармен — азотогенмен және азотобактеринмен өңдеу оның өнімділігін арттыруға әсер етпейді. Себер алдында біз дымқылданған картоп тұқымының үстіне азотоген себеміз, ал азотобактеринді ерітіп (10 литр суға жарты литр қосып) картоп тұқымына бүркеміз. Бактерияларды сақтау үшін картоптың үстін арнаулы қапшықтармен, сабан тоқымаларымен жауып қоямыз.

Тұқымды іріктен алудың көпжылдық тәжірибесі бізге жыл сайын жазғы отырғызу арқылы тұқымдық учасқтерді жаңартып отыру керек екенін көрсетті. Тұқымдық картопты көктемде дайындалған жерге 25 июньнен 1 июльге дейінгі мерзімде отырғызамыз.

КАРТОПТЫ ОТЫРҒЫЗУ

Мосвалық картоп өсірушілердің үлгі-

сімен біздің звено бірнеше жылдан бері картоп отырғызудың шаршы-ұялы әдісін қолданып келеді. Бұл әдіс картопты отырғызудың және өңдеудің еңбекті көп керек ететін процестерін көп жеңілдетті. Түптерді біркелкі шаршылап орналастыру өсімдіктің қажет етуіне қарай қатараралықтарды ұзынынан және көлденеңінен қосытып отыруға мүмкіншілік береді.

Картопты отырғызу мерзімі — (жер қыртысы 10—12 сантиметр тереңдікте 8—10 градус жылынған кезде) апрель айының аяғы немесе май айының бас кезі. Өткен жылы картопты екі тілді трактор плугімен 1 майдан 5 майға дейін отырғыздық. Жыртыстан бұрын зябты органикалық тыңайтқыштармен, көңмен және шымтезек компостпен (гектарына 45—50 тоннадан), сол сыяқты, минералдық тыңайтқыштармен тыңайттық.

Біз картопты 10—12 сантиметр тереңдіктегі арасы 5 сантиметрден болатын әрбір ұяға екі түйнектен салып (60x60 сантиметрден) шаршы-ұялы әдіспен отырғыздық. Бұлай екенде орта есеппен әрбір гектарға 28 центнерден картоп кетті.

Отырғызу жұмыстары аяқталғаннан кейін егілген алаң тырмалады. Егіс алаңының үстіңгі қабаты қатпарлана бастаған кезде тырмалау жұмысы үш ретке дейін қайталанып отырды. Үшінші тырмалаудан кейін, шамасы бір аптадан соң, біз 10 сантиметр тереңдікте қатараралықтарына бірінші рет қосыту жүргіздік. Мұнымен қатар, өсімдікті азот тыңайтқыштармен (шамасы бір гектарға 0,75 центнер суперфосфат және 0,8 центнер сульфат — аммония) көректендіріп отырдық. Екі аптадан кейін 12 сантиметр тереңдікте қатараралықтарын екінші рет қосыттық және сонымен қатар қатарлардың арасындағы арашөптерді отадық. Қатараралықтарды картоптың сабағы гүл шапа бастаған кезде үшінші рет қосыттық. Егер жер қыртысының ылғалы жеткілікті болса, онда картопты түптейміз. Егер жазғы маусым қуаң болса өсімдікті қе-

ректендіруді үш рет жүргіземіз. Өнімді кезінде жыйнаудың ерекше зор маңызы бар.

\*\*\*

Быйылғы жылы біздің колхозда бүкіл алаңға картоп трактор плугімен жыртылған жерге «СК—4» машинасымен шаршы-ұялап отырғызылады. Менің звеном Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысқа (ұштасып, өзінің егістік алаңын 15 гектарға дейін ұлғайтты және бүкіл алаңда әрбір гектардан 700—800 центнерден өнім алуға міндеттенді. Мұндай жауапты міндеттемені орындау үшін біз көзірдің өзінде зор дайындық жұмыстарын жүргіздік.

Бұрын күздік бидай егілген алаңның өнімі жыйналғаннан кейін өткен жылдың сентябрь айының бас кезінде трактор бригадасы ол жерді 22—25 сантиметр тереңдікте зябке жыртып, сонымен қатар, жерге гектарына 3 центнерден фосфор ұны енгізілді.

Қысқы маусымда қалқандар ұстау, егін алаңына бұтақтар тастау арқылы қар тоқтаттық. 90 центнер күс саңырығын, 60 центнер күл дайындадық. 600 тонна көңді, 45 тонна фекаль тыңайтқыштарын егін алаңдарына тасыдық. Бұл тыңайтқыштардың барлығын біз жерге түрлі уақыттарда енгіземіз. Әрбір гектар жерге 12 центнер есебінен біздің звено үшін түрлі минералды тыңайтқыштар дайындалды. Жеткілікті мөлшерде түйіршектелген суперфосфат әзірленді.

Көктем шығысымен біз деркесінде ылғалды жаптық. Алаңды тырмалағаннан кейін әрбір гектарға 2 центнерден калий тыңайтқыштарын ішарттық.

Біз алған міндеттемемізді орындаймыз, картоп өнімін екі есе арттыру үшін барлық күшімізді жұмсаймыз.

Марта ХУДОЛИЙ,

Житомир облысы, Радомышль ауданы, Бірінші Май атындағы колхоздың звено бастығы.

# Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

ЖЕНЕВА, 12 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінің бүгінгі мәжілісінде Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе онан әрі талқыланды. А. Иден председателдік етті.

Жұртқа мәлім, Индо-Қытай мәселесі жөніндегі дискуссияның барысында Франция делегациясының позициясы да, сол сияқты, Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының позициясы да баяндалды.

Бірқатар газеттердің мойындауы бойынша және көптеген саяси бақылаушылардың пікірінше, Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донгтың 10 майдағы мәжілісте енгізген ұсыныстары дискуссия үшін қолайлы негіз болып табылады, өйткені, бұл ұсыныстар талқыланып отырған проблеманың соғыс және саяси жақтарын қамтыды және әділетті шарттар негізінде Индо-Қытайда ұзақ және баянды бейбітшіліктің қалпына келтірілуін қамтамасыз етеді.

Фам Ван Донг жасаған ұсыныстардың Индо-Қытай мәселесін бейбітшілікпен реттеуді жақтайтын қоғамдық топтардың қалың көпшілігіне тигізген жақсы әсерін бұзуға және мұндай реттеушілікке кедергі жасауға тырысып, отаршылар мен олардың Индо-Қытайлық колшоп-парлары әртүрлі арандатушылық әрекеттерге жармасуда. Осындай арандатушылықтардың бірі Камбоджаның қолжаулық үкметі өкілінің бүгінгі мәжілісте сөйлеген сөзі болды; председателдік етуші оған сөзді кезексіз берді. Ол әлде Женеваның өзінде ме, әлде басқа бір жерде ме, әйтеуір асығыс жазыла салған «Камбоджа үкметінің телеграммасын» жариялады, онда 10 майда Камбоджада бір чиновник, жаралыларға жедел көмек көрсететін солдат және Бонза (дін адамы) өлтіріліп делінген. Телеграммада бұл үшін жауапкершілік Камбоджаға басып кірді-міс делінген Вьетнам Халық армиясының әскери қызметшілеріне жүктеледі. Камбоджаның делегациясына бұл жалған телеграмма Кхмерде қарсыласудың халықтық қозғалысы жоқ, Кхмердегі соғыс «вьетминдіктердің», яғни Вьетнам Халық армиясы бөлімдерінің басып кіруіне туды-мыс деген өзінің жалған лақабын қуаттау үшін қажет болды.

Камбоджа өкілінің әрекеті көздеген жекеурын мақсаттарға, онан кейін сөз алған, баодайлық Вьетнам делегациясының басшысы Нгуен Куок Дин сөзі де бағындырылды. Ол Вьетнам халқының «бөлшектелгені» жөнінде жалған «өтініш» білдірді. Баодайлық режимнің халық арасында ешқандай қуаттауға ие болмай, тек қана отаршылардың саясатын жүзеге асырудың құралы болып отырғандығының даусыз фактісіне қарамастан Нгуен Куок Дин оның үкметі Вьетнамның тәуелсіздігіне жетуге қабілетті деп кеңеске қатысушыларды нандыруға тырысты. Ол бұған «дәлел» ретінде 1954 жылғы 28 апрельдегі француз-баодайлық декларацияны келтірді, декларацияда

дәлел ала ескертеді. Мұнымен бірге, баодайлық ұсыныстар «Хауіспіздік Советі мемлекеттік үкмет билігі (яғни баодайлық үкмет) бүкіл территорияда орнатылды деп шешкеннен кейін ғана» және ол шетелдік мемлекеттердің бақылауында болғанда ғана Вьетнамның бүкіл территориясында сайлау өткізілуге тиісті екендігін көздейді.

Баодайлық үкметтің өкілі сөзін аяқтағаннан кейін Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы Чжоу Эн-лайға сөз берілді. Чжоу Эн-лай өзінің айқын, түсінікті және ұғымды сөзінде Индо-Қытай мәселесін бейбітшілікпен шешудің жолдарын суреттеп берді. Ол Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы басшысының мәлімдемесі мен ұсыныстарын КХР делегациясының толығымен қуаттайтынын және бұл ұсыныстарды осы кеңесте Индо-Қытайдағы соғысты тоқтатып, бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені талқылаудың және бұл мәселе жөнінде тиісті қарарлар қабылдаудың негізі ретінде қабыл алуға болады деп есептейтінін мәлімдеді.

Англия делегациясының басшысы ретінде сөз сөйлеген Иден, өзінің пікірінше, ең алдымен, Индо-Қытайдағы ұрыс қыймылдарын тоқтату қажеттігіне жұрттың бәрінің келісетіндігін мәлімдеді. Дьен-Бьен-Фу дағы жаралылар туралы мәселені реттеудің шаралары қаралуда екенін атап көрсетіп, ол енді мынадай сұрақтарға жауап беру қалып отырғанын мәлімдеді: біріншіден, кеңеске қатысушылар екі жақтың әскерлерінің белгілі бір ауданда топтастырылуы керек екендігін келісе ме, екіншіден, кеңеске қатысушылар Лаос пен Камбоджаның «ерекше категорияға жататындығына» және олардың территорияларынан» Вьетминнің әскерлері өтетіндігіне тиіс екендігіне келісе ме?

Вьетнам Халық армиясы Кхмер мен Патет-Лаонг жеріне «басып кірді-міс» дейтін сылтаудың адам нанбайтын қый-сысыз өтірік екені дискуссияның барысында бұған дейін-ақ дәлелденгеніне қарамастан, Иден бұл мәселені тағы да қойды. Иден бұдан кейін былай деп мәлімдеді: Вьетнамда екі жақтың әскерлерін орналастыратын аудандарды кімнің белгілейтіні туралы және жоғарыда көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін халықаралық комиссиялардың бақылауын қою қажет бола ма деген мәселені шешу керек. Иден осыдан кейін бұл бақылауды Біріккен Ұлттар Ұйымына кіретін елдердің белгілі бөлігін жүзеге асыруын өзінің артық санайтынын, бірақ, бұған Женева кеңесіне келіп отырған елдерді қатыстырудың міндетті емес екенін айтты.

АҚШ делегациясының басшысы Смит Вьетнам туралы мәселе жөніндегі келісім баодайлық үкметпен жасалуға тиіс, ал, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі танылмауға тиіс деген осы баодайлық үкметтің делегаты енгізген ұсынысқа өзінің келісетінін білдірді.

тiне қарсы кәзiргi қарсыласу күресiнiң барысында бұл бiрлiк бұрынғыдан анағұрлым нығая түстi. Фам Ван Донг былай деп көрсеттi: Вьетнамның оңтүстік бөлегiнiң кейбiр аудандарында кхмерлер тұрады; ал, оның бeр жағында Кхмерде кемiнде 300 мың вьетнамдықтар бар. Мiне, дедi Фам Ван Донг, Вьетнамның оңтүстік бөлегiнде қыймыл жасаушы армия бөлімдерiнде вьетнамдықтардың кхмерлiктермен қол ұстасып, жауға қарсы шайқасып отырғандығының себебi осыдан. Кхмерде армияның кейбiр бөлімдерiнде Кхмер азаматтарымен қатар вьетнамдықтар да бар. Патет-Лаода бүкіл елде шағын топ болып орналасқан вьетнамдықтар Патет-Лао халқының көтерiлiсiне жаппай қатысып, қарсыласу қозғалысы басталған кезден-ақ оның армиясына кiрдi.

Индо-Қытайдың үш халқының ынтымақтасу және өзара көмектесу рухының күннен-күнге нығайып отырғанын Фам Ван Донг атап көрсеттi. Мұның өзi Вьетнамның, Кхмердің және Патет-Лаоның Біріккен ұлттық майдандарының өкiлдерi конгресiнiң декларациясында айқын белгiлендi. Фам Ван Донг сөзiнiң қорытындысында былай деп мәлімдеді: бұл кеңес Кхмер мен Патет-Лаодағы азаттық қозғалысы «шетелдік басып кіргендік» болып табылады дейтін теріс ұғымға сүйенбей, тек осы фактілерге сүйенуге тиіс.

Ешқандай жаналық айтпаған Камбоджа өкілінің сөзінен кейін ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотов сөз алды.

Кеңес, деді Молотов, Индо-Қытайдағы оқыйғалар туралы мәселе жөнінде бес адамның пікірін тыңдады, сондықтан Совет делегациясы кеңесте айтылған пікірлер жөнінде, сонымен қатар енгізілген ұсыныстар жөнінде өз пікірін баяндап береді.

Кәзiргi кезеңде, деп мәлімдеді Молотов, Совет делегациясы бүгiнгi мәжілістің бәс кезiнде телеграмма жариялаған Камбоджа өкiлiнiң сөзiне тоқтан өтудi қажет деп санайды. Бірақ, бiз бұл телеграмманы алғанды көрген де жоқпыз. Біз бұл телеграмманың кiмнен алынғанын және онда айтылған оқыйғалардың ненi көрсететiнiн бiлмеймiз. Бұл телеграммада баяндалған оқыйғалар үшін кiмнiң жауап беретiнi де белгiсiз. Мүмкiн бұл хабардың өзiне тән маңызы бар шығар. Ең болмағанда, бұл хабар халықтың сенiмiмен пайдаланатын үкметтiң болмауы халықты қандай бақытсыздыққа ұшырататынын көрсетедi.

Молотов былай деп көрсеттi: кеңестiң мақсаты Индо-Қытайда бейбiтшiлiктi қалпына келтiруге қатысы бар мәселелердi қарау болып табылады. Ал, Камбоджа өкiлi жариялаған телеграмма Камбоджадағы үкмет орындарының кемшiлiктерiн ғана көрсетедi, бiрақ, бұл телеграмманың кеңесте талқыланып отырған мәселеге қатысы бар екендiгi көрiнбейдi.

Молотов осы ескертпесiне байланысты, бұл мәселе жөніндегі келісім баодайлық үкметпен жасалуға тиіс, ал, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі танылмауға тиіс деген осы баодайлық үкметтің делегаты енгізген ұсынысқа өзінің келісетінін білдірді.

## МӘДЕНИЕТ МҰРАЛАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҮКМЕТАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА

ГААГА, 11 май (СОТА). Қарулы жанжал бола қалған күнде мәдениет мұраларын қорғау жөніндегі үкметаралық конференция Гаагада өзінің жұмысын әлі де жүргізуде.

Кеше конференцияның бас комиссиясының қарауына бірнеше қарар-жобалары берілді, соның ішінде атом, сутегі қаруларын және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлерін қолданбауға өздеріне сөзсіз міндеттеме алуға шақырып, барлық үкметтерге үндеу жазуды конференцияға қатысушы мемлекеттерге ұсынатын Совет Одағының қарар-жобасы бар. Председателдік етуші (Голландиялық Шурман) ССРО қарарын қарауға кіріскен кезде, бұл мәселені талқылауға жол бермеу үшін Совет делегациясының басшысына сөз бермей қоюға тырысты және «мәжілісті жүргізу тәртібі бойынша» сөз Ирландияның делегатына беріледі деп жариялады. Совет делегаты В. С. Кеменов ең алдымен қарар енгізген делегацияға сөз берілуін талап етті.

Соғыс бола қалған күнде мәдениет мұраларын қорғау туралы байсалды сөз айта отырып, соның өзінде атом, сутегі қаруларының және мұндай қарудың басқа түрлерінің хауіпті екенін ескермеуге бола ма деп мәлімдеді Кеменов. Соғыс бола қалған күнде мәдениет, архитектура, искусство ескерткіштерін қорғау туралы нақты шаралар белгілеуге және соның өзінде соғыс жанжалы бола қалған күнде атом, сутегі қаруларын қолданбауға өздеріне сөзсіз міндеттемелер алуға барлық үкметтерді шақырудан бастартуға бола ма?

Совет делегациясы мұндай позицияның ешқандай логикасы және дәйектілігі болмас еді деп санайды. Шынында да, мәдениет ескерткіштерін жалпы және арнаулы қорғауға алу системасын толық белгілеуге болады, мәдениет пен искусствоның аса көрнекті мұраларын «мәдениет мұраларының халықаралық реестріне енгізу туралы» мәселелерді мұқият талдап шешуге болады, таныма белгілері туралы және мәдениет мұраларын орналастыру орталығының шекарасы неғұрлым айқын көрінетін болуы үшін бұл белгілерді қандай қашықтықта орналастыру туралы мәселелерді егжей-тегжейіне жете ойластыруға болады, тағысын- тағылар. Бірақ, соның өзінде, егер атом, сутегі қаруларының және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа сондай түрлерінің орасан зор бұздырғыш күштерін пайдалануға тыйым салынбаған күнде, бұл жұмыстың бәрінің практикалық маңызы іс жүзінде болмай шығатынын ұмытпау керек.

Осыған сүйеніп отырып, деп көрсетті Кеменов жолдас, Совет делегациясы Советтік Социалистік Республикалар Одағы үкметінің тапсыруы бойынша конференцияның қарауына мынадай қарар-жобасын ұсынады:

«Конференцияға қатысушы мемлекеттер, қарулы жанжал бола қалған күнде барлық халықтардың мәдениет мұраларын сақтауға барынша көмектесуге ұмтыла отырып; атом және сутегі қаруын пайдалану»

## Азия елдерінің кәсіподақтар өкілдерінің Пекиндегі кеңесі

ПЕКИН, 10 май. (СОТА). Сяньхуа агенттігінің хабарына қарағанда, 8 майда Азия елдерінің кәсіподақтар өкілдері кеңесінің мазмұндамасы жарияланған. Мазмұндамада былай деп көрсетілген:

Азия елдерінің кәсіподақтары өкілдерінің 1954 жылғы майдың 5-нен 8-не дейін Пекинде болған достық кеңесі ойдағыдай аяқталды.

Бұл кеңес кейбір ықпалды кәсіподақ ұйымдары мен олардың басшыларының сан рет жасаған ұсыныстарына сәйкес, өзара түсіншілік пен достықты күшейту мақсатымен шақырылды. Азия елдерінің кәсіподақ ұйымдарының Пекинге келген делегаттары осы кеңесте теңділік, достық және бір-бірін қадірлеу рухында пікірлер алысуға және ақылдасуға ұмтылған талабында бірауыздылық көрсетті.

Кеңесте тоғыз елдің: Совет Одағының, Қытайдың, Индияның, Кореяның, Монғолияның, Бирманың, Цейлонның, Индонезияның және Вьетнамның 17 кәсіподақ ұйымдарынан 55 өкіл қатысты. Кеңесте сонымен қатар байқаушылар ретінде басқа төрт елден келген сегіз өкіл— атап айтқанда: Пекинде 1 Майды мейрамдауға қатысу үшін шақырылған Жапонияның, Израильдің, Францияның және Италияның кәсіподақтар өкілдері болды.

Басқа елдердегі кейбір ықпалды кәсіподақ ұйымдарының да кеңеске қатысуына келген еді, бірақ әртүрлі қиыншылықтар салдарынан, атап айтқанда, шетелдік паспорт алудың мүмкін болмауы салдарынан олардың өкілдері Пекинге келе алмады.

Делегаттар Азия елдерінің жұмысшы табы мен халықтарының бостандыққа жетуге, бейбітшілікті, тәуелсіздікті және демократияны қорғауға ұмтылған жалынды тілегін бірауыздан білдірді. Олар Азияда империалистер жүргізіп отырған отарлық саясатты айыптады. Делегаттар заманның өзгергенін, Азия халықтарына империалистік үстемдік жасау күндерінің әлдеқашан өткенін атап көрсетті. Азия халықтарының өз істерін өзі шешуінің қасиетті правосына қол сұғуға ендігі жерде жол беруге болмайды.

АҚШ билеуші топтарының корей проблемасын бейбітшілікпен реттеуге хауіп төндіруге тырысқан ниеттері мен әрекеттеріне, Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайту әрекеттеріне, Азия елдерінің территориясында әскерлер жыйнақтауға, американдық соғыс базаларын салуға, агрессиялық соғыс одақтары мен блоктерін құру жоспарларына, Жапонияны ремилитарландыруға, Азия елдеріне шетелдік соғыс көмегін көрсетуге, мысалы, Азиядағы бейбітшілікке төнетін қатер болып табылатын Американың Пакистанға соғыс көмегін көрсетуіне, сонымен қатар Тынық мұхит ауданында сутегі бомбаларын сынауға делегаттар батыл қарсы шықты.

Мұндай әрекеттер деп мәлімдеді делегаттар, жұмысшы табы мен бүкіл халықтың қайғылы азаптарын күшейтіп, бұл елдердің ұлттық экономикасын бүлдіретіні. Бұл әрекеттер бүкіл дүние жүзі

Бұл елдерде көптеген ұлттық сауда және өнеркәсіп орындары жабылуға. Жұмыссыздық бұрынғыдан анағұрлым күшейе түсті.

Осының бәрі Азия елдерінде шетелдік монополистік капитал жүргізіп отырған отарлық саясатының салдары, сонымен қатар соғыс өртен тұтандырушылар тарапынан жасалып отырған агрессия әрекеттерінің және Азия елдерінің істеріне ешқандай дәлелсіз араласу әрекеттерінің салдары екенін делегаттар өздерінің сөздерінде атап көрсетті.

Делегаттар Женева кеңесі корей мәселесін бейбітшілікпен шешуге зор үлес қосады және Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруді қамтамасыз етеді деген жалынды үміт білдірді. Олар халықтарды Женева кеңесіне саботаждық жасағысы келетін және оның жұмысын сәтсіздікке ұшыратуға әрекет жасап отырған соғыс өртен тұтандырушыларды қаскүнемдік әрекеттерін үнемі қадағалып отыруға шақырды. Делегаттар сонымен қатар бұл мәселелер жөнінде келісімге жету үшін халықтар мен жұртшылық пікірін жұмылдыруға шақырды. Олар АҚШ тарапынан қарсылық көрсетіліп, кедергі жасалу салдарынан Индия, Индонезия, Бирма, Пакистан және Цейлон сияқты Азия елдерінің Женева кеңесіне қатыса алмағандығына қынжылғандықпен назар аударды.

Делегаттар Азия халықтарының ұлттық тәуелсіздігі мен демократиялық бостандықтары қорғалатын болсын деп бірауыздан пікір айтты. Олар Азия елдерінің халықтарын бірлік үшін күресуге шақырды және Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғауға, ұлттық экономика мен сыртқы сауданы ешқандай шек қоймай еркін өркендетуге уәде берді.

Барлық делегаттар жұмысшы табының халықаралық бірлігі мен ынтымағы бұрынғыдан анағұрлым күшейіп, ұлғая түседі, сөйтіп, барлық елдердің жұмысшылары бір-біріне көмектесіп, бірін-бірі қолдайтын болады деген сенім білдірді.

Делегаттар барлық елдерде жұмысшы табының шаруалармен және бейбітшілікті, демократияны, бостандықты жақсы көретін барлық патриоттық элементтермен одағын ұлғайтуға, сөйтіп, ұлттық мүдделер мен демократиялық бостандықтарды қорғауға, жұмысшылар мен шаруалардың пісіп жеткен талаптарын жүзеге асыруға шақырды. Делегаттар кәсіподақтардың праволары үшін, жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту және жалақысын арттыру үшін, сөйтіп олардың қажетті азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз етілетін болуы үшін күресте, жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік қамтамасыздандыру ісін енгізіп, жақсарту, еңбек жағдайын жақсарту үшін, еркектер мен әйелдердің тең еңбегіне тең ақы төлеу принципі үшін, толық жұмыс істеу және жұмыссыздарға жәрдем төлеу үшін күресте өз күштерін біріктіруге жалынды тілек білдірді. Делегаттар жылы шырайлы, достық

мыс деп ешкімді және ешнәрсеге міндет-теймейтін жалаң үде берілгендігі жұрт-шылыққа мәлім.

Ол агрессорлардың әскерлері Вьетнам халқының бостандығын қорғауда деп ші-мірікпестен мәлімдеп, отарлаушылардың Вьетнам халқына қарсы соғыс агрессия-сын жарамсақтана мадақтады. Баодай-лық өкіл осы уәделерге сенуге шақырып, «Вьетмин» яғни (Вьетнам Демократия-лық Республикасы) күрес жүргізуді тоқ-татуға тиіс деп мәлімдеді. Сонымен бао-дайлық режимнің өкілі өзінің ұмтылып отырған шын мәніндегі мақсаты бүкіл Вьетнам халқының өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы көп жылғы қаһармандық күресте жеңіп алған Вьет-нам халқының барлық жетістіктерін жою болып табылатынын ашықтан-ашық көр-сетті. Ол Кхмер мен Патет-Лаонның хал-қық-азаттық күштерінің тізе бүгуді де соншалықты арсыздықпен талап етті.

Баодайлық үкметтің өкілі өзінің осын-дай позициясына сәйкес, отарлаушыларға Индо-Қытайдың халықтарын толығынан құлдануға мүмкіндік беретін және олар-дың бірқатар жылдар бойына қарудың күшімен жете алмаған мақсатын жүзеге асыруға бағытталған ұсыныстар жасады.

Баодайлық ұсыныстардың соғысты реттеуге қатысы бар бөлегі осы кеңеске тапсырылған «жұмыс документінің қан-дайын болса да» қарауға әзір екендік-туралы түкке де тұрмайтын мәлімдеме-мен тындырылған. Мұның өзінде ұрыс қыймылдарын тоқтатудың шарттарын орындау «халықаралық бақылауға» қой-ылғуға тиіс деп атап көрсетіледі. Вьет-нам мәселесін саяси жағынан реттеу ту-ралы айтылатын бөлегінде мұндай рет-теушіліктің негізіне жоғарыда аталған 1954 жылғы 28 апрельдегі француз-баодайлық декларация алынғуға тиіс деп көрсетіледі. Ұсыныстарда бұдан әрі бао-дайлық үкметке Вьетнамның өкілі бола алатын бірден-бір үкмет деп қарау керек екендігі, яғни, басқаша айтқанда Вьет-намда үкмет билігінің Вьетнам халқы-ның қолынан тартып алынып, отаршы-лардың қолжаулық өкілдерінің қолына берілуге тиіс екендігі туралы айтылады. Мұндай қолжаулық режимнің үкметі тек шетелдік әскерлердің найзасына сүйеніп қана өмір сүре алатынын көріне-көзге есептеп, баодайлық делегация өздерінің ұсыныстарында Вьетнамда «Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен хал-ықаралық бақылау тағайындауды» ал-

баодайлық делегацияның мәлімдемесімен келісетінін білдіргеннен кейін Ж. Бидо шығып сөйледі. Ол мәжілістің бас кезін-де жарияланған «Камбоджа үкметі теле-граммасының» мазмұнына байланысты «қобалжыған» сезім білдіретінін айтты, сөйтіп, осы ойдан шығарылған өтіріктің ақиқат сипаты мен оның шын мақсатын аңғартып қойды.

«Біз, — деп мәлімдеді Бидо, — Лаос пен Камбоджаны басып алудың көптеген әрекеттерін көріп отырмыз», бұл әре-кеттерді Вьетнам Демократиялық Респуб-ликасы жасап отыр-мыс. Осы шындық-ты бұрмалайтын лақап Бидоға ұсыныс-тарын ұлттық азаттық пен тәуелсіздік үшін күрес жүргізіп жатқан Кхмер мен Патет-Лаонның демократиялық үкметте-рінің қарулы күштерін жоюға бағыттал-ған ұсыныстарын қолдау үшін қаже-т болды. Бидо баодайлық үкметті Вьетнам-ның бірден-бір «заңды үкметі» деп са-найтынын мәлімдеп, өз делегациясының Вьетнам халқының ұлттық праволарын мойындау негізінде Вьетнам туралы мә-селені реттегісі келмейтінін тағы да ай-қын көрсетті. Сонымен бірге, француз делегациясының басшысы тек француз делегациясының ұсыныстарында қойыл-ған мәселелерді ғана қараумен шұғылдан-уды ұсынып, Индо-Қытайда бейбітші-лікті қалпына келтірудің бүкіл програм-масын тұтас талқылаудан жалтаруға ты-рысатынын көрсетті.

Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донг мәлімдеме жасап, бұл мәлімдемесінде кей-бір делегациялардың Кхмер мен Патет-Лаодағы істің ақиқат жағдайын бұрмалап көрсетуге тырысқан әрекеттерін әшкереле-ді, ал, бұл елдердің өкілдерін Женева кеңесіне қатысуға шақыру туралы мәсе-ленің әлі де шешілмей отырғаны жұртқа мәлім.

Женева кеңесінің міндеті, деді Фам Ван Донг, Индо-Қытайдың барлық хал-ықтарының ұлттық праволарына кепіл-дік беріп, Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру болып табылады. Вьет-нам, Кхмер және Патет-Лао география-лық жағынан біртұтас ел болып табы-лады және олар барлық салада бір-бірі-мен өзара тығыз қатынастар жасап отыр. Өз еліне басқыншылар басып кір-ген кезден бері Вьетнамның, Кхмердің және Патет-Лаонның халықтары ұлттық-азаттық жолындағы күреске бірікті. Ин-до-Қытайды жаңадан басып алу әреке-

грамманы көрмегенін мойындады. Бі-рақ, осы ойдан шығарылған жалған те-леграмманы сылтау етіп, ол Вьетнам та-рапынан Камбоджаға басып кіру әрекеті болып отыр-мыс деп тағы да дәлелсіз сылтау айтты. Бұл жөнінде Фам Ван Донг былай деп ескертті: Индо-Қытай мемлекеттерінің территориясында шетел-дік әскерлер шынында да бар, бірақ, бұл әскерлер Индо-Қытайдан ондаған мың километр орналасқан елдерден келген. Мі-не, дәл осы әскерлер Индо-Қытай хал-қын қырып— жою үшін кәзіргі заман-ның қаруын пайдаланып отыр.

В. М. Молотов кеңеске қатысушылар-дың бірінің, өзінің мойындауына, өз көзімен көрмеген телеграмма негізінде белгілі бір қорытынды жасағаны жөнінде өзінің таңданатынын білдірді.

Қолайсыз жағдайда қалған Бидо жоғары-да келтірілген телеграммада айтылған бірнеше адамның өліміне кейбіреулер ма-ңыз бермей отыр-мыс деген әсер туды-руға тырысты.

Молотов Бидоның назарын мынаған аударды: бұл ретте әңгіме әрбір адам-ның өмірін қымбат санау, өздерінің бос-тандығын да, өмірін қорғауды да қамта-масыз етпейтін үкметтің басқаруында отырған адамдарға қамқорлық жасау ту-ралы болып отырған жоқ. Әңгіме ешкім-ге таныс емес, сондықтан заңды сенім-сіздік тудырып отырған телеграмма жа-йында болып отыр. Егер біз, деп мәлім-деді Молотов, өз кеңестерімізде бүгін ар-наулы казакдармен жазылуы ықтымал болатын бір телеграмманы, ертеңгі күні екінші телеграмманы қалтамыздан суы-рын шығаратын болсақ, онда біз өз мақ-сатымызға жете алмаймыз. Мұның өзі бізді басты мақсатымыздан басқа жаққа аударып әкетеді. Бізге кедергі-Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру, сондықтан бұл мәселені талқылауға біз неғұрлым тез кірісетін болсақ, сонғұрлым көп өмір аман сақталатын болады.

Осыдан кейін Иден былай деп мәлім-деді: мен, председатель болғандықтан Камбоджа өкілінің сөзі үшін жауап бер-емін, өйткені, мен оның ешкім көрмеген және оқымаған телеграмманы оқып шы-ғуына рұқсат еттім.

Иден былай деп жариялады: 13 майға Корея мәселесі жөнінде мәжіліс болады, ал, аргы күні, 14 майда мәжіліс Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселеге арналады.

Осымен мәжіліс жабылды.

ғылым орталықтарын, соның ішінде ци-вильзацияның ертеден келе жатқан ор-талықтарын бүлдіріп, қыйратқандық бо-латынын, мұның өзі бейбіт халықты жаппай қырып жоюға, сонымен қатар, халықтар көптеген газырлар бойы жа-саған мәдениет мұраларын құртуға әке-ліп соқтырғандық болатынын еске алып; барлық үкметтерді атом, сутегі қару-ларын және жаппай қырып-жоютын қару-дың басқа түрлерін қолданбауға өздері-нің сөзсіз міндеттеме алуға шақырады».

Совет делегациясы былай деп санайды: осындай қарар қабылдау мәдениет мұра-ларын сақтау мақсаттарына сай келген болар еді және біздің конференциямыз қабылдаған қарарлардың беделін арттыр-ған болар еді.

Ағылшын-американ блогіндегі елдер-дің делегаттары барлық халықтардың мүд-делеріне сай келетін совет қарар-жоба-сына ашықтан-ашық қарсы шығуға ба-тылы бармады. Олар Ирландия делегаты-ның көмегін пайдалануға тырысты, бұл делегат ешқандай дәлел келтірмей, совет қарар-жобасы «конференцияның күн тәр-тібіне сай келмейді-міс», өйткені, ол «қару-жаракты азайту мәселесіне» емес, мәдениет мұраларын сақтауға көңіл бөліп отыр деп мәлімдеді. Оны Францияның өкілі қолдап, былай деп мәлімдеді: фран-цуз делегациясы ССРО делегациясының ұсынысына шын жүрегімен тілектес бо-лып, атом қаруына тыйым салуды жақ-тап отырса да, ол «жүректің айтуы» бой-ынша дауыс бере алмайды, өйткені, ол үкмет делегациясы болып отырғандық-тан, оның бұған алған нұсқаулары жоқ, сондықтан ССРО-ның қарар-жобасы кон-ференцияның билігіне жатпайды дегенді жақтап дауыс беруді ұсынамын.

Совет ұсынысын қайткен күнде де қа-былдатпай тастауға тырысып, председа-тельдік етуші жаппай қырып-жоютын қаруға тыйым салуға ұсыныс жасау ту-ралы мәселені шешуге конференцияның «билігі жетпейді» деп саналсын деген Ирландия делегатының ұсынысын бірінші кезекті дауысқа қойды.

Бұл ұсынысты жақтап 21 дауыс бер-ілді. (АҚШ, Англия, Франция, Монако, Норвегия, Голландия, Перу, Филиппины, Португалия, Сальвадор, Түркия, Австра-лия, Бельгия, Гоминландық, Куба, Дания, Эквадор, Испания, Ирландия, Израиль, Италия), 8 делегация (ССРО, УССР, БССР, Польша, Чехословакия, Румыния, Венгрия, Сан-Марино) қарсы дауыс бер-ді, 12 делегация (Индия, Индонезия, Ли-вия, Ватикан, Швейцария, Швеция, Сирия, Югославия, Батыс Германия, Судан, Иран, Жапония) қалыс қалды. Төрт де-легация Египет, Ливан, Люксембург мәж-лісте болмады.

Совет Одағының өкілі Кеменов жолдас сөз алып, былай деп мәлімдеді: ССРО де-легациясы бас комиссияның ССРО қарар-жобасы қаралмасын және дауысқа қойыл-масын деген қарарымен келіспейді және бұл мәселені пленум мәжілісінде қою пра-восын өзінде сақтайды.

халықтарының өресі болып келетінін, оның бейбітшілігіне, тәуелсіздігіне және халықтарының тәуелсіздігіне төнген тікелей қатер бо-лып табылады. Делегаттар азиялықтарды азиялықтарға қарсы айдап салудың ар-сыз саясатын батыл айыптады.

Делегаттар соңғы жылдарда Азияның көптеген елдерінде жұмысшылардың түр-мыс жағдайының нашарлауына байла-нысты өздерінің терең абыржып отырға-нын білдірді. Ал шаруалардың жағдайы бұрынғыдан да гөрі ауыр болып отыр.

## Фашизмді қайта тудыруға қарсы, бейбітшілік үшін

Венадағы митинг

ВЕНА, 11 май. (СОТА). Австриядағы бұрынғы гитлерлік Маутхаузен тұтқын лагерінен тұтқындарды азат етудің 9 жылдығына байланысты мұнда бұрын тұтқын лагерлерінде қамауда болғандар мен фашизмнен азап шеккен адамдардың митингісі болды.

Митингте Совет Одағының, Польша-ның, Венгрияның, Францияның, Ита-лияның, Чехословакияның, Болгарияның, және басқа елдердің делегаттары болды. Австрияның «қарсыласу күрескерлері-нің, фашизм құрбандықтары мен тұтқын-дарының одағы» председателинің орынба-сары Отто Хорн митингте сөз сөйлеп, бы-лай деп мәлімдеді:

Біз, гитлерлік өлім лагерінде жапа шеккендер, өзіміздің азаттығымызға қа-һарман Совет Армиясының арқасында жеттік. Совет жауынгерлері бізді өлімнің аранынан аман сақтап қана қоймай, со-

өзара түсінісіп отыру үшін осындай ке-ңестер шақыру мүмкіндігі бұдан былай да қамтамасыз етіледі деген үміт білдір-ді, міне осы мақсатпен олар Азия елде-рінің кәсіподақ ұйымдары мен олардың басшыларына өздерінің саяси және діни сенімдеріне қарамастан, достық, одақ, бір-бірін қадірлеу және ақылдасып отыру негізінде Азия елдері кәсіподақтарының өкілдігі толық конференциясын шақыру-ды бірауыздан ұсынды.

нымен бірге, олар біздің халықтарымыз мен елдеріміздің бостандығы мен тәуел-сіздігін қайтып әперді.

Австрия халқы, деп атап көрсетті, Отто Хорн, герман милитаризмін қайта тудыруға, жаңа аншлюсс әзірлеуге бар-ған сайын белсене қарсы шығуда. Гер-ман милитаризмі мен соғысқұмарларын қайта тудыруға қарсы, соғыс пен фа-шизмге қарсы, барлық халықтардың бей-бітшілігі мен бостандығы үшін күресіп жатқан барлық халықтар біздің достары-мыз және одақтастарымыз болып табыла-ды.

1955 жылы Маутхаузен тұтқын лаге-рінде болған тұтқындарды азат етудің 10 жылдығы күні «Жаңа соғыс әзірлеуге қарсы, халықтар арасындағы бейбітшілік үшін!» деген ұранмен халықаралық жап-пай митинг өткізуге ұйғарылды.

## СОВЕТ АРТИСТЕРІНІҢ АФИНЫДАҒЫ КОНЦЕРТІ

АФИНЫ, 11 май. (СОТА). Кеше «Олимпия» театрында совет балетінің ар-тистері Тихомирова мен Ледяхттың кон-церті орасан зор табыспен өтті. Артистер-ге көптеген гүлдер тапсырылды. Кон-

цертте экономиканы сәйкестендіру ми-нистрі Капсалис болды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҮМІТ ЖОЛЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да бас-талады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҮЛУ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдың «Главторчермет» бөлімшесіне түпкілікті жұмысқа жұмысшылар және жүк тиеушілер КЕРЕК.

Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді. Жұмысқа қабылданғандар металлургия өнеркәсібі жұмысшылары пайдаланылатын жеңілдіктермен пайдаланатын бо-лады.

Облыстық мәдениет басқарма-сының киноландыру бөліміне қа-лада және қаладан тыс жерлерде жұмыс істеу үшін кинотехниктер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Крас-ноармейск көшесі, 1-үй. Кинолан-дыру бөлімі.

## ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАУАБЫ

БЕРЛИН, 11 май. (СОТА). АДН агент-тігі былай деп хабарлады:

Герман Демократиялық Республикасы-ның баспасөз және информация бөлімі мынадай хабар берді:

Англияның үкмет орындарына таяу тұрған «Вельт Эм Зонтаг» газеті 9 май-дағы номерінде өзінің хабары деп атала-тындай жариялады, онда май айының бас кезінде Берлинде Герман Демократиялық Республикасы үкметінің өкілдері және

совет делегациясы арасында келісімдер туралы келіссөздер болыпты делінген. Бұл хабар басынан аяғына дейін ойдан шығарылған. Тіпті дұшпан газеттердің өзі де Герман Демократиялық Республи-касы үкметінің саясатынан ГДР жалпы-германиялық бітім договоры үшін қажыр-лы күрес жүргізіп келе жатыр деген қор-ытынды шығара алады.

ССРО Үкметі мен ГДР Үкметі арасында ноталар алысудың нәтижесінде болған

Герман Демократиялық Республикасының суверендігін жариялау Герман Демокра-тиялық Республикасының бітім договоры туралы келіссөздерге қатысу үшін бар-лық өкілдігі бар екендігін көрсетеді. ГДР Үкметі Батыс Германияда, сайын келген-де, оккупациялық тәртіптің жойылуын, ондағылардың европалық қорғаныс бір-лестігі саясатынан бастартуын тілейді, сөйтіп, батыс ГДР сыяқты праволар алған болар еді.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үн. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.